

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының шешімімен
2015 жылғы «__» _____
№ _____ хаттама
(№ __ хаттамаға қосымша)
«БЕКІТІЛДІ»

**«Қазақтеңізкөлікфлоты»
Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2014 жылғы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ**

Ақтау қ-сы, 2014 ж.

МАЗМҰНЫ:

1.	ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ.....	3
2.	БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ.....	4
3.	КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ	5
4.	КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ	
	Ошибка! Закладка не определена.	
5.	КОМПАНИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ	6
6.	ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ РЕТТЕУ	7
7.	КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ	8
8.	КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ	10
9.	КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒА БЕРУ	Ошибка!
	Закладка не определена.	
9.1.	Өндірістік бағдарламаның орындалуы	Ошибка! Закладка не определена.
9.2.	SWOT-Талдау	
	Ошибка! Закладка не определена.
9.3.	Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы	22
10.	САЛАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	18
11.	КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ.....	19
12.	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	1
12.1.	Басқару құрылымы.....	21
12.2.	Қадағалау Кеңесі.....	Ошибка! Закладка не определена.
12.3.	Басқарма.....	24
12.4.	Тексеру комиссиясы (тексеруші)	26
13.5.	Компанияның орталық аппаратының құрылымы.....	27
13.	КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ	29
14.	БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ	30
14.1.	Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жүйесінің менеджменті	30
14.2.	Қауіпсіздікті басқару жүйесі	31
14.3.	Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау.....	34
14.4.	Қоршаған ортаны қорғау	36
15.	КАДРЛЫҚ САЯСАТ, ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	
17.1.	Кадрлық саясат	42
17.2.	Кадрларды даярлау.....	43
17.3.	Демеушілік және қайырымдылық көмек.....	44
18.	АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ	44

1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесі Төрағасы Н.Н.Шмановтың үндеуі

Бүгінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауына және «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жаңа саяси бағыт-бағдарға сәйкес теңіз сауда кеме қатынасын дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары айқындалды. Қазақстандық кемелердің Каспий теңізі мен ашық теңізде болуы мемлекетіміздің мүдделеріне жауап беретін экономикалық міндеттердің оң шешімін табу мүмкіндігін беретіндігі сөзсіз. Қазақстанның халықаралық теңіз сауда кеме қатынасында лайықты орнын алуы оның дербес мемлекет ретінде әлемдік сахнада экономикалық және саяси тұрғыдан белсенді дамуына бағытталмақ.

Қазіргі таңда «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС – бұл Қазақстанның заманауи сала құраушы компаниясы ретінде Каспий өңірінде мұнайды теңіз арқылы тасымалдау саласында тізгінін бермеген озат мемлекеттердің бірі болып табылады. 2014 жыл танкерлік индустрия үшін күрделі кезеңдердің бірі болғанына қарамастан «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясы жетекші кеме компанияларының бірі ретінде Каспий теңізінде өзінің лайықты орнын бекемдей түсті.

Компанияның негізгі даму векторы бизнес географиясының аясын әртараптандыруға және оны кеңейтуге бағытталып, ол ең бастысы мұнайды тасып шығаруға ұзақ мерзімді келісім шарттарды жасасумен және Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутекті өндіру мен барлауды жүргізіп отырған мұнай мен газ компанияларына қызметтерді ұсынумен байланысты болды.

2014 жылғы қызмет нәтижелері бүгінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының қарқынды дамып отырған теңіз көлігі қызметтерінің нарығы ұсынған талаптарды есепке ала отырып, өз қызметін жүзеге асыруда саланы дамытудың тиімді әрі қазіргі заманғы бағыттарына бағдарланып отырғанын дәлелдей түсті. Жалғыз қатысушы мен кәсіби менеджерлер командасының бірлескен күш-жігері Қазақстан Республикасы ұлттық теңіз сауда флотының тұрақты дамуына және қаз басуына оң ықпалын тигізді.

Осы орайда, мен, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесінің атынан компанияның клиенттері мен серіктестеріне жыл бойы ҚТКФ көрсеткен қолдауы үшін алғысымды білдіремін. Қадағалау кеңесі компанияның құрылуына қатысқан «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС еңбек ардагерлеріне айрықша алғыс айтам. Олардың адал әрі ерен еңбегі «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қазақстандық кеме қатынасында жетекші компания ретінде танылуына жол ашты.

2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Бас директоры, Басқарма Төрағасы М.К.Ормановтың үндеуі

Құрметті оқырмандар!

Осыдан он бес жыл бұрын құрылған «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС бүгінде шағын кеме компанияларының бірінен кеме қатынасының ірі компанияларының біріне айналып, Қазақстан Республикасының кеме саласының жетекші компаниясы болып отырғаны сөзсіз. Қазіргі таңда «Қазақтеңізкөлікфлоты» меншігіндегі кемелер мұнайды тасымалдау және теңіз операцияларын қолдау бойынша қолға алынған жұмысты ойдағыдай жүргізуде.

2014 жылы «Қазақтеңізкөлікфлоты» даму стратегиясымен 2020 жылға дейінгі кезеңге белгіленіп отырған, басты бағыты бизнес географиясының аясын одан әрі кеңейту және компанияның Қазақстанда жүргізіліп отырған теңіз мұнай операцияларына қызмет көрсету міндеттерін одан әрі жоспарлы шешуді жалғастырды.

Өткен 2014 жылы бірде бір авариялық жағдай тіркелмеді, бұл «Қазақтеңізкөлікфлоты» қызметінің жоғары сенімділігінің кепілі болды.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» Каспий аймағында баламалы маршруттарға қатысуда өз үлесін ұлғайту шеңберінде қосымша көлемдерді тарту бойынша жұмысты белсенді жүргізді.

Осы орайда «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутекті шикізат кенорындарын игеру бойынша жобаларға және ТШО аясын болашақта кеңейту жобасына қатысуына оңтайлы алғышарттар қалыптасты.

Осы тұрғыда компанияның өндірістік көрсеткіштер сияқты корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік стандарттарының жоғары деңгейіне бағдарланып отырғаны сөзсіз.

Бұл жағдайда әлеуметтік жауапкершілік компания үшін басымдық мәнге ие болмақ. Біз Қазақстанда теңіз білімін алуда тиісті қолдаудың көрсетілуіне, еліміздің экономикасын дамытуда және өз қызметін жүзеге асырып отырған өңірде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде басты мәнге ие болатындығымызды сезінеміз. Бірақ, біз үшін маңызды міндеттердің бірі адамдарға – кемелерімізде жұмыс жасайтын капитандар мен экипаж мүшелеріне, «Қазақтеңізкөлікфлоты» жағалаулық бөлімшелерінің қызметкерлеріне тиісті қамқорлық жасау болып табылады.

Осы есеп беру жылының нәтижелері Компания алдында 2015 жылға қомақты міндеттерді белгілейді. Даму стратегиясының өзектендірілген нұсқасы және бизнесті басқару үлгісін жетілдіруге арналған құралдар қолда бар активтердің тиімділігін арттыруға және компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жаңа жобаларды іске асыруды одан әрі жалғастыруға бағдарлану мүмкіндігін бермек.

Құрметті әріптестер мен достар! «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басқармасының атынан Жалғыз қатысушыға, клиенттер мен серіктестерге қолдау көрсетіп, жоспарларымызды іске асыруға қолғабыс тигізгені үшін шынайы

алғысымды білдіремін. Осы ретте «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС еңбек сіңген қызметкерлеріне, кемелердің капитандары мен экипаж мүшелеріне, жағалаулық қызметкерлерге олардың кәсіби деңгейі мен адал жұмысы үшін ризашылығым мол.

3. КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ

МИССИЯСЫ:

Каспий өңірі сияқты Каспий теңізінің акваториясынан тысқары суларда қауіпсіз, сенімді және тиімді теңіз тасымалын қамтамасыз ету үшін ұлттық теңіз сауда флоты мен сервистік флотты одан әрі дамыту.

ПАЙЫМДАУЫ:

Бүгінде Қазақтеңізкөлікфлоты - жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті, кеме қауіпсіздігінің неғұрлым жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін, халықаралық біріктірілген кеме компаниясы деп танылды.

4. КОМПАНИЯНЫҢ 2013 ЖЫЛҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Маусым

- «Ірі көлемді блоктарды тасымалдау үшін ҚТКФ баржаларын жаңғырту» инвестициялық жобасына бастамашылық танытылды;
- Қазақстан Республикасында Теңіз әкімшілік портын құру бойынша жұмыстар қолға алынып, ойдағыдай жүргізілді. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 743 Қаулысымен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанында «Ақтау және Баутин порттарының Теңіз әкімшілігі» ММ құрылды;

Тамыз

- Кеме қатынасы шартына қол қою туралы бөлімді қамтитын 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ шартының ХХІ бөлімі - «Көлік» ережелері ске асыру жөніндегі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары бекітілді (ЕЭО Су көлігі жөніндегі кіші комитеті 5-ші отырысының 22.08.2014 жылғы хаттамасы);

Қыркүйек

- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2014-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді;

Желтоқсан

- Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түрікменстан Үкіметі арасында теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім жобасын әзірлеу бойынша жұмыстар қолға алынып, ойдағыдай жүргізілді. Осы Келісімге тараптар 2014 жылғы 02 желтоқсанда Ашхабад қаласында қол қойды.
- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ арасында «Құрық портында паромдық кешеннің құрылысын салу және жүктер мен

жолаушыларды таситын әмбебап паромдарын пайдалану» ТЭН сату бойынша жасасқан шартқа қол қойды (08.12.2014 жылғы № НП-10-368/2014);

- «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Халықаралық теңіз ұйымының аудиттен өту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» ҚР заң жобасын әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілді, осы заң жобасына сәйкес Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы Заңның 25-бабының іс-әрекетін 2020 жылға дейін тоқтату көздестірілді. 2014 жылғы ІҮ-тоқсанда заң жобасы ҚР Парламентінің Мәжілісі мен Сенатымен мақұлданды және ҚР Президентіне қол қою үшін жолданды.

5. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Компания қызметінің түрлері:

- жүктердің бүкіл түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, басты жүктерді, контейнерлерді тасымалдау;
- кемелердің бүкіл түрлерінің, баржалардың, жүзетін доктардың және осы секілдінің, олардың қозғалтқыштары мен бөлшектерінің, қосалқы құрылғыларының және бөлшектерімен қоса жабдықтарының құрылысын салу, пайдалану, жөндеу, сатып алу, делдалдық қызметтерді ұсыну;
- кемелерді жалға беру (кемені жалдау, соның ішінде кемені экипажсыз жалдау), сондай-ақ кеме лизингі;
- отынның бүкіл түрлерін, майлау майларын, көмірді, газолінді және басқадай отын мен материал түрлерін сатып алу, сату;
- кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің құрылысы (кеме жасау және кеме жөндеу базалары), кеме жасау және кемелерді жөндеу;
- сүйрету жұмыстары;
- теңіз агентінің қызметтері;
- теңіз брокерінің қызметтері;
- стивидорлық және экспедиторлық қызметтер;
- теңіз мамандықтары бойынша мамандарды даярлау;
- кеме жасау, кеме жөндеу базасының, кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің, жағалаулық құрылыстардың құрылысын салу жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- заңнамалық актілермен тыйым салынбаған, ҚТКФ мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, ҚТКФ Жарғысымен көзделген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыру.

6. ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасы теңіз сауда флотының жұмысы елеулі деңгейде бүкіл тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара қатынастарын, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзу саласында халықаралық ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға және оның үйлесімді болуына байланысты болады.

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді, Қазақстан біріккен ІМО (Халықаралық теңіз ұйымы) Халықаралық конвенцияларын басшылыққа алады, атап айтқанда:

- 1) Халықаралық Теңіз Ұйымы туралы конвенция, 1948 жыл;
- 2) Жүк маркасы туралы халықаралық конвенция, 1966 жыл;
- 3) Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция, 1969 жыл;
- 4) Теңізде кеме қақтығысынан сақтандыратын халықаралық ережелер туралы конвенция, 1972 жыл;
- 5) Кемелерден ластануды болдыртпау жөніндегі халықаралық конвенция, 1973 жыл;
- 6) Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция, 1974 жыл;
- 7) Теңізшілерді даярлау, оларға диплом беру және вахта жүргізу туралы халықаралық конвенция, 1978 жыл;
- 8) Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі халықаралық конвенция, 1972 жыл;
- 9) Мұнайдан ластанумен келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенция, 1969 жыл;
- 10) Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция (Тегеран, 2003 жылғы 3 қараша) – ратификацияланды;
- 11) «Жүктерді теңіз арқылы тасымалдау туралы» БҰҰ конвенциясы (1978 жылғы Гамбург ережесі) – ратификацияланды;
- 12) Халықаралық еңбек ұйымының №185 теңізшілердің жеке куәлігі туралы конвенциясы – ратификацияланды.
- 13) РФ Үкіметі және ҚР арасында теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Новосибирск қаласы, 2007 жылғы 4 қазан) – ратификацияланды;
- 14) Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы арасында Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы аумағынан Каспий теңізі арқылы мұнайды халықаралық нарыққа Баку-Тбилиси-Джейхан жүйесі арқылы тасымалдауға ықпалдасу және қолдау көрсету шарты (Алматы, 2006 жылғы 16 маусым);
- 15) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Ынтымақтастық келісімі (Алматы қаласы, 2011 жылғы 20 қазан).

Орта мерзімді перспективада теңізде жүзу қауіпсіздігін, кемелердегі теңізшілердің әлеуметтік мәселелерін, табиғатты қорғау іс-шараларын және басқасын реттейтін бірқатар нормативтік актілерді әзірлеу міндеті белгіленіп отыр.

7. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

7.1. Даму стратегиясы

Қадағалау кеңесінің 204 жылғы 25 қыркүйектегі хаттамалық шешімімен бекітілген Қазақтеңізкөлікфлоты Стратегиясы оны тұрақты әрі сапалы дамытуға бағытталып отыр.

ҚТКФ негізгі стратегиялық мақсаты компанияның құнын Жалғыз қатысушының талаптарын қанағаттандыратын көрсеткіш ретінде барынша көбейту болып табылады.

Осы ретте біз өзімізді ұлттық теңіз операторы ретінде мынадай тиімді қызметтердің жеткізушісі ретінде бағалаймыз:

1. мұнай жүктерін Каспий теңізінде тасымалдау;
2. мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдау;
3. теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша флот қызметтерін ұсыну;
4. қауіпті жүктерді қоса алғанда, жүктердің бүкіл түрлерін паром арқылы тасымалдау.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының ұлттық теңіз тасымалдаушысы ретінде Каспий теңізінде және ашық теңізде одан әрі дамуының оңтайлы факторлары мыналар болып табылады:

- болжамды қазақстандық мұнай қорын 2022 жылға қарай 1,4 млрд.тоннаға, мұнай өндіру көлемін жылына – 35,4 млн.тоннаға дейін ұлғайту; теңіз кен орындарында мұнай өндіру көлемінің өсуі мұнайды Қазақстаннан халықаралық нарыққа, соның ішінде теңіз көлігі арқылы тасымалдау көлемдерінің елеулі өсуіне әкеліп соқтырады;

- жеке инфрақұрылымның болуы: Каспийде Ақтау порты, Мидия портында мұнай терминалы және Қара теңізде Батуми порты, Румынияда МӨЗ; ҚМГ Трейдинг АГ қазақстандық шикі мұнайдың экспорты жөніндегі ұлттық оператордың болуы: қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа тасымалдауды ұйымдастыру (өндіру сәтінен түпкілікті тұтынушыға дейін);

- әрекет үстіндегі теңіз мұнай жобалары бойынша жұмыстарды орта және ұзақ мерзімді перспективада ұлғайту сервистік флот кемелерінің елеулі санына ие болуды қажет етеді;

- халықаралық көлік дәліздерінің негізгі ауыстырып тиеу базасы ретінде Қазақстан Республикасының рөлі (экспорттық және транзиттік әлеует);

- бірыңғай қазақстандық көліктік-логистикалық жүйені құру, оның міндеттерінің бірі жер бетіндегі көлік пен теңіз көлігін біріктіру және жүкжөнелтушілер үшін кешенді қызметтерді «бір терезе» және «бір келісім шарт» қағидатымен ұсыну болып табылады.

7.2. Компания қызметінің басым бағыттары ретінде мыналар болып табылады:

1) мұнай жүктерін Каспий теңізі арқылы тасымалдау

«Қазақтеңізкөлікфлоты» Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау секторындағы стратегиясы Каспийде танкерлік флоттың жетекші операторларының бірі ретінде өзінің лайықты орнын Ақтау порты арқылы қазақстандық мұнай жүктерінің экспорттық ағынын тасымалдау үлесін 100 %-ға дейін арттыру арқылы бекемдеу және қауіпсіз, сенімді және экономикалық тұрғыдан тиімді қызметтерді қамтамасыз етуге, мұнай жүктерін тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынудан таза кірістерді ұлғайтуға бағытталмақ.

Қазақтеңізкөлікфлоты өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- ҚазМұнайГаз компанияларының тобы үшін қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа тасымалдауды ұйымдастыру және «барлау – өндіру – тасымалдау – қайта өңдеу – жеткізу» ҚМГ көліктік дәлізіне толықтай қолжетімді болу арқылы синергияға қатысу;
- ҚазМұнайГаз және ҚР Үкіметінің қолдауымен Оңтүстік бағытты (Ақтау-Баку-Батуми) сақтап қалу және дамыту үшін бар күш-жігерін жұмсау (Каспий теңізінде мұнай жүктерін тасымалдау кезінде ҚТКФ флотын және Қара теңіздегі Батуми портын тарту);
- Иран бағытында своп-операцияларды санкциялар аяқталған бойда бастау;
- мұнайды өндіру мен бөлудің болжамды теңгеріміне сәйкес Каспийдегі меншікті флотты пайдалануды қажеттілігіне қарай оңтайландыру, мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған мұнай құю танкерлерін қайта бағдарлау мүмкіндігін пысықтау;
- ірі жүкжөнелтушілердің (oil majors approvals) жоғары халықаралық талаптарына сәйкес болу үшін мұнайды тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін инновациялық технологияларды қолдану, заманауи техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу және жауапты кадрлық пен әлеуметтік саясатты жүргізу есебінен арттыру;
- негізгі серіктес ретінде келешегі зор Қашаған кен орнынан мұнай тасымалдау бойынша жобаларға қатысу;
- ұлттық теңіз сауда флоты үшін отандық порттарда пұрсаттылықтарға, сондай-ақ Қазақстан халықаралық кеме тізімінде тіркелген кемелерді пайдалану жағдайында салық жеңілдіктеріне ие болу мәселесі бойынша Жалғыз қатысушы мен ҚР Үкіметінің қолдауына;
- бизнес-бағыттың, соның ішінде интеграциялық процестер кезінде дамуы үшін оңтайлы жағдайларды қалыптастыру мақсатында теңіз көлігі арқылы тасымалдау саласында ҚР сияқты БЭК заңнамаларын жетілдіруге қатысу.

2) Мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдау

Қазақтеңізкөлікфлоты мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдау секторындағы стратегиясы ұлттық теңіз тасымалдаушысы ретінде трансқаратеңіз өңірінде өзінің лайықты орнын бекемдеуге және меншікті ірі салмақты флоттың қуатын өсіру, қауіпсіз, сенімді және экономикалық тұрғыдан тиімді қызметтерді ұсыну арқылы қазақстандық мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдаудың жалпы көлеміне қатысуда жеке үлесін арттыруға, қазақстандық көмірсутекті шикізатты экспортқа шығарудан қосымша кірістерді алуға бағытталмақ.

Қазақтеңізкөлікфлоты өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа тасымалдауды ұйымдастыру және «барлау – өндіру – тасымалдау – қайта өңдеу – жеткізу» ҚМГ көліктік дәлізіне толықтай қолжетімді болу арқылы ҚазМұнайГаз компанияларының тобы үшін синергияға қатысу;

- қазақстандық мұнайды экспортқа шығарудың жеткілікті көлемі, ұзақ мерзімді перспективада кемелерге және жүктерді тасымалдауға сұраныс болған жағдайда тасымалдау көлемдерінің болу кепілдігімен ҚазМұнайГаз компанияларының тобы сияқты басқадай жер қойнауы пайдаланушыларының Қазақстаннан экспортқа шығарылатын мұнайы мен мұнай өнімдерін тасымалдау үшін ірі салмақты танкерлердің және азық-түлікті таситын танкерлердің құрылысын салуды/сатып алуды жүзеге асыру;
- қазақстандық мұнай экспортының өзгерістеріне және нарықтық конъюктураға тәуелді болмау мақсатында тысқары мұнай компанияларының жүктерді тасымалдауына қатысу және рентабельділікті қамтамасыз ету жағдайында тысқары мұнай компанияларының көлемдерін тасымалдау үшін ірі салмақты танкерлердің құрылысын салуды/сатып алуды жүзеге асыру;
- ашық теңіздерде мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдауды ұйымдастыру бойынша молынан жиналған іс-тәжірибесіне сүйене отырып, кепілді көлемдермен ірі салмақты танкерлердің құрылысын салуды/сатып алуды жүзеге асыру;
- халықаралық мұнай компанияларының жоғары халықаралық талаптарына сәйкес болу үшін мұнайды тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін заманауи техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу және жауапты кадрлық және әлеуметтік саясатты жүргізу арқылы арттыру;
- ҚазМұнайГаз жән ҚР Үкіметінің қолдауымен ҚМГ мұнайы/ мұнай өнімдері/ қазақстандық мұнай көлемдерін ашық теңізде тасымалдау жөніндегі Бірыңғай Теңіз Операторы мәртебесіне ие болу;
- «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының мұнай/мұнай өнімдерін ашық теңізде тасымалдау бойынша жобаларға қатысуы мақсатында тәжірибелі халықаралық компаниямен стратегиялық серіктестестік құру;
- қазақстандық туды көтеріп жүзетін кемелердің ашық теңізге шығу мүмкіндігіне ие болуы мақсатында теңіз көлігі арқылы тасымалдау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру және оны реттеуге қатысу.

3) Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша флот қызметтері

Мақсаты: өз меншігіндегі теңіз операцияларын қолдау флотының (ТОҚФ) кеме санын ұлғайту және Каспий теңізінің қазақстандық секторының (КТҚС) кен орындарын игерудің Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде меншікті сервистік флотты құру арқылы нарықтағы жеке үлесін ұлғайту, бәсекеге қабілетті қызметтерді ұсыну аясын кеңейту, қосымша кірістерді алу.

КТҚФ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қолдауымен және ҚР Үкіметінің талаптарын басшылыққа ала отырып:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның серіктестерімен бірлесе ТОҚФ жаңа кемелерін саны мен құрамына қарай қатарға қосып, пайдалануға уақтылы беру мақсатында ТОҚФ даму бағдарламаларын қызметтерді тұтынушылардың талаптарына сәйкес үйлестіреді;
- КТҚС көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жөніндегі жобалардың (Agip KCO /North Caspian Operating Company (NCOC)/ North Caspian Production

Operations Company (NCPOC), «Каспий Меруерт Оперейтинг Компани» және басқа) операторларымен және олардың мердігерлерімен ТОҚФ қызметтерін ұсынуға орта және ұзақ мерзімді келісім шарттарды жасасуды жоспарлайды;

- нарықтағы жеке үлесін және сенімді әрі сапалы қызметтерді ұсынадан түсетін кірістерді ұлғайту мақсатында КТҚС мұнай-газ жобалары үшін сервистік флоттың меншікті кемелер сериясын қатарға қосып, пайдалануға береді;
- сервистік флоттың қызметтерін ұсыну саласында бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін ірі халықаралық компаниямен стратегиялық серіктестікті құруды бағдарлайды.

4) Бүкіл жүк түрлерінің паромдық тасымалы

Паромдық тасымалды жүзеге асыру секторында мұнай нарығы конъюктурасының өзгерген жағдайында ҚТҚФ тұрақтылығын қамтамасыз ететін Қазақтеңізкөлікфлоты қызмет түрлерін әртараптандыруға, жаңа кірістер көзін құруға бағытталып отыр.

Қазақтеңізкөлікфлоты өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- Жалғыз қатысушы мен ҚР Үкіметінің қолдауымен жеке қазақстандық флоттың паромдық тасымал нарығына шығуына бар күш-жігерін жұмсау;
- осы бағытта қызметтің рентабельді болған жағдайында тасымалдау көлемдерінің болуы кепілдігімен паромдық кемелердің құрылысын салуды/сатып алуды жүзеге асыру;
- паромдық тасымалда лайықты орнын бекемдеу, өйткені осы қызмет түрі мұнай нарығының теріс әсерін тигізетін өзгерістері жағдайында тұрақтылық қорын қамтамасыз етеді;
- қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру жағдайында ұсынылатын қызметтердің халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келу;
- қауіпті жүктерді қоса алғанда жүктердің бүкіл түрлерін паромдық өткелдер арқылы тасымалдау құқығына артықшылықпен ие болуды қамтамасыз ету үшін Ұлттық тасымалдаушының мәртебесін қолдану;
- ҚР аумағы арқылы аралас тасымал және жүктерді тасымалдау операторы ретінде мультимодальдық тасымалға қатысу;
- Мультимодальдық тасымалдың бір бөлігі ретінде паромдық қатынасты ұйымдастыру;
- паромдық қатынасты ашық теңіз бассейніне шыға отырып, интермодальдық тасымалдың бір бөлігі ретінде ұйымдастыру.

8. КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

1) «Жүктер мен жолаушыларды таситын екі әмбебап паромының құрылысын салу/сатып алу (Жоба) және оларды пайдалану

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Инвестициялық комитеті отырысының 28.02.2013 жылғы №22 хаттамасымен Жоба «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Инвестициялық жобасының Келешектегі жобалар тізбесіне енгізілді.

Сатып алынатын паромдардың Western Baltic Engineering компаниясы әзірлеген концептуалдық дизайн жобасы алынды.

ЕЭК отырыстары шеңберінде паромдарға қатысты тасып әкелуге 0% кедендік баждарға белгіленген жеңілдіктердің 31.12.2018 жылға дейін әрекет ету мерзімін ұзарту мәселесі бойынша жұмыстар қолға алынды.

2) «Екі жабдықтаушы кеменің құрылысын салу/сатып алу және оларды пайдалану» инвестициялық жобасы (Жоба)

Жобаның концепциясы, Жоба тиімділігі көрсеткіштерінің есебі әзірленді.

Теңіз жобаларына қызмет көрсету және жобаны іске асыру мақсатында бірлескен кәсіпорынды құру жобасы жөніндегі қаржы-экономикалық үлгіні әзірлеу бойынша жұмыстар қолға алынды.

1. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

9.1. Өндірістік бағдарламаның орындалуы

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Нақты 2012	Нақты 2013	Жоспар 2014	Нақты 2014	Жыл бойынша өсу қарқындылығы		
							7(%)=4/3	8(%)=6/5	9(%)=6/4
A	1	2	3	4	5	6			
1	Мұнай тасымалдау Барлығы, соның ішінде	мың тонна	11 354	8 879	8 843	9 606	78%	109%	108%
1.1	Ақтау-Махачкала бағыты бойынша	мың тонна	3 483	2 779	2 880	2 677	80%	93%	96%
1.2	Ақтау-Баку бағыты бойынша	мың тонна	2 457	2 335	1 466	1 919	95%	131%	82%
1.3	Қара теңіз бағытында	мың тонна	2 993	1 882	2 880	3 394	63%	118%	180%
1.4	Жерорта теңізі бағыты бойынша	мың тонна	2 421	1 883	1 617	1 546	78%	96%	82%
2	Түрікменбашы-Баку бағыты бойынша	мың тонна			0	70			
3	Экспедиторлық қызметтер	мың тонна	2 741	2 465	1 800	2 488	90%	138%	101%
4	Құрғақ жүктерді тасымалдау	мың тонна	280	190	0	0	68%		0%

ҚТКФ есеп беру кезеңі ішінде жалпы мұнай тасымалдау көлемі 9 606 мың тонна мұнайды құрады немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 109 % (8 843 мың тонна) болды.

Тасымалдау бағыттары бойынша:

Ақтау-Махачкала – есеп беру кезеңі ішінде тасымалдау көлемі 2 677 мың тонна мұнайды немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 93% құрады (2 880 мың тонна).

Жүргізілген талдау қазіргі таңда жүкжөнелтуші Махачкала порты бағытында жоспарланған көлемдердің тиелемін жүргізу бойынша бірқатар қиындықтарды сезінуде. Аталмыш қиындықтар қазақстандық мұнайды Махачкала портында ауыстырып тиеу мүмкіндіктерінің болмауымен, сондай-ақ жоспарлы көлемдердің мұнай құбырларына қарай қайта бағдарлау себептен туындап отыр.

Тиісінше осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда тасымалдау көлемі 96 % болды.

Баку порты бағытында (Сангачал порты, Дюбенди порты) 2014 жылы 1 919 мың тонна мұнай тасымалданды немесе ол жоспарлы көрсеткіштің 131 %-ын құрады.

Жоспарлы көрсеткіштерді асыра орындау бүкіл есеп беру кезеңі ішінде ТШО номиналды мұнай көлемдерінің жоспарланған көлемдерінен асыра жоспарлануымен байланысты болды. Сондай-ақ ҚТКФ есеп беру кезеңі ішінде Дюбенди мұнай терминалы бағытында барлығы 452 мың тонна көлемінде қосымша көлемдерді тасымалдауды жүзеге асырды.

Алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңі ішінде жеке флот күшімен Сангачал порты бағытында жүзеге асырылған тасымалдау көлемі 1 405 мың тн, ал Ақтау-порт Дюбенди маршруты бойынша - 930 мың тн құрады. Осылайша, алдыңғы жылмен салыстырғанда көрсеткіштердің орындалуы 82 % болды. Ағымдағы жылғы есеп беру кезеңі ішінде Қара теңізде 42 рейс жасалды (ҚМГ Басқармасының 16.08.2013 жылғы хаттамалық шешіміне сәйкес айына Қара теңізде 3 рейс жасау есебімен мұнайды Ашық теңізде тасымалдауды жүзеге асыру туралы шешім қабылданды).

Жерорта теңізі бағытында тасымалдау көлемдерін Қара теңіз бағытында қайта бағдарлау себептен 2014 жылы 1 546 мың тонна мұнай тасымалданды немесе ол жоспарлы көрсеткіштің 96 %-ын құрады (1 617 мың тн). Ағымдағы жылғы есеп беру кезеңі ішінде Жерорта теңізіндегі порттардың бағытында 18 рейс жасалды (ҚМГ Басқармасының 16.08.2013 жылғы хаттамалық шешіміне сәйкес айына Қара теңізде 1,5 рейс жасау есебімен мұнайды Ашық теңізде тасымалдауды жүзеге асыру туралы шешім қабылданды).

Тиісінше, алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда, тасымалдау көлемі 82 % құрады, өйткені алдыңғы кезең ішінде Афрамекс үлгісіндегі кемелер Қара теңізден тысқары аймақтарда тасымалдауға пайдаланылған болса, қазіргі уақытта олар Қара теңізде пайдаланылуда.

Жүкжөнелтушінің қосымша ресурстарына байланысты ҚТКФ 2014 жылғы наурыз және мамыр айларында жеке флотының күшімен **Түрікменбашы порты – Баку порты** бағыты бойынша 70 мың тн мұнайды тасымалдауды жүзеге асырды.

Экспедиторлық қызметтер

2014 жыл бойынша мұнайдың экспедиторлық қызметтері 2 488 мың тн немесе жоспар көрсеткіштерінің 138 %-ын (1 800 мың тн) құрады. Жоспардың асыра орындаушылығы Ақтау портынан ТШО мұнайы тиелімінің елеулі ұлғаюына байланысты болды.

Тисінше алдыңғы жылмен салыстырғанда жоспарды орындау 101 % құрады.

9.1.1. Мұнай жүктерін Каспий теңізінде тасымалдау


Негізгі қызмет нәтижелері:

- 2014 жылы ТШО компаниясымен Тенгиз мұнайын теңіз арқылы тасымалдауға жасасқан Келісім шарттың әрекет ету мерзімі ұзартылды. Келісім шартты ұзарту мерзімі 01.07.2014 жылдан 30.06.2015 жылға дейін мерзімін ұзақтығы бір жыл екі қосымша мерзімге ұзарту құқығымен бір жылды құрады. Аталмыш кезең

ішінде ТШО Тенгиз мұнайының 01.07.2014 жылдан 30.06.2015 жылға дейін тасымалдануға тиіс 2 миллион тн бекітілді.

- «Тенгизшевройл» ЖШС (ТШО) үшін көліктік-экспедиторлық қызметтерді ұсынуға жасасқан келісім шарттың әрекет ету мерзімі 2015 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

АҚТАУ ПОРТЫНАН МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ




	2001 год	2002 год	2003 год	2004 год	2005 год	2006 год	2007 год	2008 год	2009 год	2010 год	2011 год	2012 год	2013 год	2014 год
Общий объем транспортировки нефти с порта Актау	5,0	5,5	7,0	8,3	8,9	9,9	9,2	8,9	11,3	9,5	8,0	7,1	6,3	6,0
Транспортировка силами КМТФ	0,2	3,2	2,6	4,1	4,7	4,8	4,6	5,2	7,1	6,1	5,9	5,9	5,1	4,6
Собственным флотом					0,8	1,7	2,2	2,4	2,2	3,2	4,0	3,9	3,7	3,7
Транспортировка на Черном море								0,5	0,2	1,0	3,4	5,5	3,8	4,9
Доля на рынке перевозок с порта Актау	4%	58%	37%	49%	53%	48%	50%	58%	63%	64%	74%	84%	81%	77%
Доля на рынке перевозок с порта Актау собственным флотом	0%	0%	0%	0%	9%	17%	24%	27%	19%	34%	50%	55%	60%	62%

2014 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР БОЙЫНША СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Негізгі маршруттық бағыттар:

2014 жылы ҚТКФ танкерлері мына бағытта пайдаланылды:


- «Ақтау-Махачкала»;
- «Ақтау-Баку (Сангачал терминалы)»;
- «Ақтау-Баку (Дюбенди терминалы)»;
- Түрікменстан порты – Баку/Махачкала»;
- мұнайды Иран порттары бағытында тасымалдау халықаралық шектеулердің қойылуы себептен жүргізілмеді.



ТШО мұнайын тасымалдау (Ақтау – Сангачал)


2014 жылы ТШО шикі мұнайдың жиынтық көлемі 2 488 мың тн асыра 226 танкерлік топтамасын экспортқа шығарды. Оның ішінде ҚТКФ үлесі – 133 танкерлік топтамасын (1 467 мың тонна) және КАСПАР - 93 танкерлік топтамасын (1 021 мың тонна) құрады.

Тасымалдауға ҚТКФ 4 танкері (ТК Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Орал) және Мобилекс компаниясының жалға алынған «Абай» (1 рейс), «Қазақстан» (2 рейс) қатысты.



Мұнай тасымалдау (Ақтау – Махачкала)

Махачкала порты бағытында тасымалдау 2 677 мың тн құрады, оның ішінде ҚТКФ күшімен 2 576 мың тн (96%) тасымалданды. Тасымалдауға тұрақты негізде ҚТКФ 2 меншікті танкері (Алматы және Астана) және жүйелі түрде ҚТКФ басқадай меншікті танкерлері және Мобилекс (Қазақстан) және Прайм Шиппинг (Ресей) компанияларынан жалға алынған кемелер тартылды.





Танкерлерді пайдаланудың статистикалық деректері

2014 жылы Ақтау портынан мұнайды тасымалдауға ҚТКФ, КАСПАР, Мобилекс, Навигатор және прайм Шиппинг танкерлері тартылды.

ҚТКФ меншікті флотымен Каспийде мұнайды тасымалдау көлемі 3 772 мың тн құрады және барлығы 376 рейс жасалды.

ҚТКФ әрбір танкерімен тасымалданған мұнай және жасалған рейстер:




ЭКСПЕДИТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

2014 жылғы 12 ай қорытындылары бойынша мұнайдың экспедиторлық қызметтері 2 488 мың тн немесе жоспардың 138,2 %-ын құрады.

9.1.3. Тас түрлерін тасымалдау

«Қашаған» жобасын іске асырудың 2-ші фазасының тоқтап қалуына орай 2013 жылғы кезең ішінде тас түрлерін теңіз арқылы және құрлықпен тасымалдау бойынша қызметтер көрсетілмеді. Алдын ала берілген ақпарат бойынша жобаны іске асыру мерзімі 2015-2016 жылдарға белгіленді.

Экспедирование нефти



ҚТКФ тарапынан көліктік-экспедиторлық қызметтер тек қана ТШО ұсынылады.

Шілде айында ҚТКФ және ТШО арасында жүргізілген келіссөз қорытындылары бойынша 2014 жылғы 01 тамыздан басталатын экспедиторлық қызметтердің мөлшерлемесін ұлғайтуға Келісім жасасты және оның мөлшері 0,50 USD/тн деп белгіленді.

МҰНАЙДЫ АШЫҚ ТЕҢІЗДЕ ТАСЫМАЛДАУ

Мұнайды Қара және Жерорта теңіздеріндегі порттардың бағытында тасымалдау бойынша өндірістік көрсеткіштердің 12 ай қорытындылары бойынша орындалуы 4 939 мың тонна немесе жоспарлы көрсеткіштің 110,0 %-ын құрады.

Порттар бағытында тасымалданған мұнай көлемі:

- Қара теңіздегі порттарға **3 393 мың тонна**;
- Жерорта теңізіндегі порттарға **1 546 мың тонна**.



9.1.5. Сервистік флот қызметтері

СМ Rose және СМ Ruby кемелерін сүйрету

2014 жылғы маусымда Астрахань теңіз рейдінен Түрікменбашы портына дейін СМ Rose және СМ Ruby кемелерін сүйретуге келісім шарт жасасты. Сүйретуді «ТС Орал» сүйреткіші жүзеге асырды.

Жүзбелі құбырды сүйрету

Қыркүйек айында «ТС Орал» сүйреткішімен Түрікменбашы порты – Баутин порты маршруты бойынша жүзбелі құбырды сүйрету жүзеге асырылды.

Жүзбелі құбырды «ТС Орал» және «Есіл» сүйреткіштері кейіннен Баутин портынан Прорва аймағындағы болашақ портқа сүйрету арқылы жеткізді.

«Бахтемир» жерснарядын сүйрету

Қазан айында Есіл сүйреткішімен Ақтау порты-Астрахань теңіз рейді маршруты бойынша Бахтемир жерснарядын сүйрету жүзеге асырылды.

Жерснарядын сүйрету

Қазан айында Түрікменбашы-Ақтау маршруты бойынша жерснарядын сүйрету (10 тәулік) жүзеге асырылды.

«Дон» жерснарядын сүйрету

Қазан айында Есіл сүйреткішімен Дон жерснарядын «Баутин-Ақтау-Құрық» маршруты бойынша сүйрету жүзеге асырылды.

Оффшорлық жобалар:

Жамбыл Петролеум

ZT-1 ұңғысын барлау арқылы бұрғылау жөніндегі жоба Жамбыл келісім шарттық аумақта 2014 жылғы маусым-қазан айларының ішінде жүргізілді (ұзақтығы 107 тәулік).

Осы жоба шеңберінде ҚТКФ әртүрлі мақсатта пайдалану үшін 5 кемені берді: 2 жабдықтаушы-кеме, 1 сүйреткіш, 1 баржа, 1 палубалық баржа.

Түскен кірістердің мөлшері – 1,028 млрд.теңге болды.

Н Оперейтинг

Барлау ұңғысын бұрғылау бойынша жоба 2014 жылғы қарашадан 2015 жылғы ақпанға дейінгі (ұзақтығы 60 тәулік) мерзімде Н Оперейтинг келісім шарттық аумағында жүргізілді.

Осы жоба шеңберінде ҚТКФ 3 жабдықтаушы-кемені пайдалануға берді.

Н Оперейтинг шарты бойынша түскен кірістердің мөлшері 0,644 млрд. теңге болды.

ТШО болашақта кеңейту жобасы

ТШО (БКЖ) болашақта кеңейту жобасы қосалқы өндірістік құрылыстардың есебінен Тенгиз кен орнында мұнайды өндіру көлемін жылына 12 млн тн өсіруді көздестіреді. Осы құрылыстардың құрылысы ірі көлемді секциялардан салынады, олардың жеткізілімін теңіз арқылы жүргізу көздестірілмек.

- ▶ ҚТКФ 2014 жылы БКЖ дайындық жұмыстарына белсенді қатысу кезеңін бастады. Осы орайда ҚТКФ бір көзден сатып алу әдісімен Каспий теңізі бойынша модульдерді тасымалдау жобасына қатысуы туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.
- ▶ 2015 жылғы қаңтарда ҚТКФ ТШО атына Каспий теңізі бойынша модульдерді тасымалдауға тендерлік ұсынымын жолдады. Келісім шарттың жоспарлы сомасы шамамен 100 млн АҚШ долларын құрады.
- ▶ Сондай-ақ ҚТКФ конкурстық негізде жүргізілетін РФ ішкі су жолдары бойынша модульдерді тасымалдау жобасына қатысуға ниет білдірді. Қазіргі таңда тендерлік құжаттама күтілуде.

Басқадай жұмыстар:

▪ Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру:

- ҚР ККМ және басқадай мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, Қазақстан Халықаралық кеме тізілімін (ҚХКТ) құру бойынша жұмыстар қолға алынды: экономикалық есептер, негіздемелер, салыстырмалы кестелер берілді.

Аталмыш өзгерістер 04.07.2013 жылғы «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілді, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне ҚХКТ тіркелген кемелерді көлік салығынан босату бөлігінде толықтырулар енгізілді;

- Қазақстан Республикасының Салық кодексіне ҚХКТ тіркелген кемелермен ұсынылатын қызметтер үшін жеңілдіктер мен пұрсаттылықтарды көзестіру (КТС, ҚҚС төлеуден босату) бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді;

- ҚТКФ Қазақстан Республикасының Теңіз көлігі кәсіпкерлерінің қауымдастығы Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасында сындарлы Теңіз әкімшілігі портын құру бойынша жүргізілген жұмысқа қатысты;

- ҚТКФ Теңіз көлігі кәсіпкерлерінің қауымдастығымен және ҚР ККМ бірлесе отырып, Қазақстан Республикасында сындарлы Теңіз порт әкімшілігі құру бойынша жұмыстарға қатысты;

- Теңіз көлігі кәсіпкерлерінің қауымдастығымен бірлесе жұмыс жүргізді және салалық және басқа да заңнамаларды, сондай-ақ ҚР басқа да нормативтік-құқықтық актілерін жетілдірудің өзге мәселелері бойынша «KazEnergy» мұнай-газ және энергетикалық кешені кәсіпорындарының Қазақстандық қауымдастығы» ЗТҰ жұмысына қатысты;

▪ **ҚТКФ ашық теңізде теңіз операцияларын жүргізу жұмыстарына қатысу**

ҚМГ, RompetrolGroup, ҚМГ БӨ және Казтрансойл компанияларының басшылығы деңгейінде ашық теңізде ҚТКФ қызметінің тиімділігін арттыру, соның ішінде өз меншігіндегі Афрамекс типтес танкерлермен мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдауға қатысты бірқатар отырыстар жүргізілді.

Компанияның құрылымдық бөлімшелермен бірлесе отырып, ҚМГ қаражаты есебінен «Афрамекс типтес 2 мұнай құю танкерінің құрылысын салу/сатып алу және оларды пайдалану» жобасы шеңберінде АТФ Банк займын қайта қаржыландыру бойынша жұмыс қолға алынды.

- **Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) шеңберіндегі жұмыстарға қатысу:**
- БЭК мемлекет-қатысушылары қызметтерінің саудасы мен инвестициялары туралы Келісімді су көлігі бөлігінде пысықтау және жеке ұсыныстарын енгізу;
- Еуразиялық экономикалық одақ шартының жобасын пысықтау және жеке ұсыныстарын енгізу;

- РФ ішкі су жолдары бойынша ҚР мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелердің жүзу тәртібі мен талаптары туралы РФ және ҚР арасындағы Келісім жобасы бойынша қолға алынған жұмысты одан әрі жалғастыру;
- Еуразиялық экономикалық комиссиясы (ЕЭК) Су көлігі жөніндегі кіші комитетінің отырыстарына қатысу;
- ЕЭК Кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу жөніндегі кіші комитетінің отырыстарына қатысу;
- ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің (ЭБЖМ) «Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы» жобасына теңіз көлігі бөлігінде ҚТКФ қатысуы, таныстыру материалдары мен тақырыптық материалдарды әзірлеуі;
- мұнайды Ақтау портына дейін тасымалдау бойынша т/ж тарифтерінің өсуі жөніндегі отырыстарға қатысу; аталмыш мәселеге қатысты материалдар сұраныс жолдаған тарапқа әзірленіп, жолданды;
- ҚТКФ Жалғыз қатысушының қатысуымен өткізілетін алқалық жиналыстарға, отырыстарға, мемлекеттік, уәкілетті органдардың отырыстарына қатысуы шеңберінде басшылық үшін анықтамалық-талдамалық және таныстыру материалдарын әзірлеу;
- ҚР көліктік-логистикалық жүйесін құруға қатысты жүргізілетін отырыстарға қатысу;
- Үкіметаралық комиссиялар шеңберінде жүргізілетін жұмыстар.

9.1. SWOT-ТАЛДАУ

Алдағы уақытта ҚТКФ стратегиялық дамуын және теңіз көліктік қызметтер секторын айқындау үшін орта және ұзақ мерзімді келешегін есепке ала отырып, SWOT-талдау жүргізілді. Ол әлсіз тұстарды бәсеңдетуді және қатердің жағымсыз әсерін төмендетуді есепке ала отырып, басым тұстарды және қалыптасып отырған нарықтық мүмкіндіктерді барынша тиімді қолдану мүмкіндігін береді.

БАСЫМ ТҰСТАРЫ:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тұлғасында тікеден тік-біріктірілген мұнай мен газ компаниясы сияқты Жалғыз қатысушының лайықты беделге ие болуы;
- Жоғары білікті ұлттық кадрлар құрамының болуы;
- Клиенттері ретінде мұнай жобалары операторларының (Шеврон, Аджип, Шелл, Петронас) біліктілік талаптарға сай танылуы және сәйкес болуы;
- жүзу құрамын үзбей оқыту, тәлімгерлік тәжірибе беру, бағалау және біліктілігін арттыру бойынша шаралар жүйесін іске асыру, сондай-ақ теңіз

мамандарының мәртебесін көтеру үшін кәсіби оқу орындарымен өзара жұмысты жүзеге асыру есебінен кадрлық резервті кеңейту;

- Кемелерді қауіпсіз басқару және кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі Халықаралық кодекс (ХҚБЖ) талаптарына сәйкес келетін, Білікті қоғамның Сәйкес келу құжатымен (СКК) мақұлданып, танылған Қауіпсіздікті басқару жүйесінің болуы;

- «Сапа менеджменті жүйесі» ISO 9001, «Экологиялық менеджмент жүйесі» ISO 14001, «Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі» OHSAS саласында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ҚТКФ бойынша сертификатталған Менеджментінің біріктірілген жүйесінің болуы.

ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ:

- теңіз саласында тиісті деңгейде жетілдірілмеген мемлекеттік реттеу;
- теңіз саласында ұлттық мемлекеттік заңнамалық нормалардың әрекет үстіндегі халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес келмеуі;

- инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін инвестициялық ресурстардың (жеке және сырттан тартылатын) жеткілікті көлемде болмауы;

- займға алу лимиттерінің төмен мөлшері салдарынан займ капиталына қолжетімді болу шектеулері;

- жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде теңіз жобаларының операторларымен қолданылатын ТЖҚ сатып алу ережесінде ішкі топтық сатып алуларды, Қор ішінде ТЖҚ сатып алулар бойынша қандай да болмасын өзгеше талаптар көздерісірілмеген, яғни ҚТКФ сервистік флотын тарту және оны пайдалану мүмкіндігіне ие болу.

МҮМКІНДІКТЕРІ:

- ҚР Үкіметінің және Жалғыз қатысушының отандық порттарда ұлттық теңіз сауда флоты үшін пұрсаттылықтарға ие болу мәселесі бойынша қолдау көрсетуі;

- ҚР Үкіметінің ҚТКТ тіркелген кемелермен ұсынылатын қызметтерге салық жеңілдіктерін беру мәселесі бойынша қолдау көрсетуі;

- КТҚС мұнай-газ секторын белсенді дамыту, ол флот қызметтерін қажетсіну жағдайын күшейтеді;

- Бизнес географиясын кеңейту және ҚТКФ флотын пайдалану мақсатында ҚТКФ кемелерінің РФ ішкі су жолдары бойынша бөгетсіз жүзіп өтуі;

- Еңбек өнімділігін ынталандыруға бағытталған уәждемелеу жүйесін қолданысқа енгізу;

- Іс-тәжірибесімен және басқару технологияларымен өзара алмасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін озат халықаралық біріктірілген кеме компанияларымен серіктестік қатынастарды орнату;

- ҚТКФ қызметінің жаңа бағыттарына әлемдік деңгейдегі жоғары білікті мамандарды тарту; Қазақстандық туды әлемдік деңгейге шығару бөлігінде теңіз көлігі саласында ҚР заңнамаларын жетілдіру.

ҚАТЕРЛЕРІ

- әлемдік тауар нарығы, әсіресе мұнай нарығы конъюктурасының тұрақсыз болуы, бұл Каспий теңізі арқылы тасымалдау қызметтерін қажетсінуді болжамдау мүмкіндігін қиындата түседі;

- Флот бірліктерінің санын ұлғайтуға, өз мемлекеті тарапынан қолдауға ие болуға (пұрсаттылықтар, жеңілдіктер және т.б.) бағытталған бәсекелестердің тарапынан алынған іс-әрекет, Қазақтеңізкөлікфлоты қызметтер нарығының аясын кеңейту үшін қосымша кедергілердің (тарифтер, алымдар, ережелер және т.б.) қалыптасуы;

- білікті кадрлардың (техникалық мамандар) тұрақтамауы, бұл флотты пайдалану сапасы мен қауіпсіздігіне теріс әсерін тигізеді;

- мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдаудың баламалы түрлерінің (мұнай құбырлары, т/ж) дамуы.

9.2. Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы

мың теңге

№	Көрсеткіштер	Нақты	Нақты	Жоспар	Нақты	Жыл бойынша өсу қарқындылығы		
		2012	2013	2014	2014	6 (%) = 3,2	7 (%) = 5,4	8 (%) = 5,3
4	1	2	3	4	5			
1	Кірістер, соның ішінде:	21 464	18 190	19 297	21 251	85%	110%	117%
1.1	Өнімді сатып өткізу және қызметтерді ұсынудан түскен кірістер	21 408	18 019	19 247	20 602	84%	107%	114%
1.2	Қаржыландырудан түскен кірістер	37	136	0	139	369%		102%
1.3	Өзге кірістер	18	35	50	510	192%	1019%	1440%
2	Шығыстар, соның ішінде:	22 025	18 899	18 566	18 738	86%	101%	99%
2.1	Өзіндік құны	19 587	16 107	15 469	16 022	82%	104%	99%
2.2	Сатып өткізу бойынша шығыстар	77	45	17	35	58%	203%	79%
2.3	Жалпы және әкімшілік шығыстар	1 324	1 374	2 039	1 774	104%	87%	129%
2.4	Қаржыландыру шығыстары	986	1 016	995	1 027	103%	103%	101%
2.5	Өзге шығыстар	51	357	46	-119	694%		-33%
3	Қатысу үлесінің әдісі бойынша есепке алынатын ұйымдардың табыс (шығын) үлесі	-562	-709	731	2 513	126%	344%	-354%
4	Салық салынғанға дейінгі табыс (шығын)	261	-97	118	457	-37%	388%	-469%
5	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар							
6	Асыра түскен табысқа салынатын салық шығыстары	-822	-611	613	2 056	74%	335%	-336%
7	Азшылық үлесті шегергенге дейінгі жиынтық табыс							
8	Азшылық үлесі	-822	-611	613	2 056	74%	335%	-336%
9	Жиынтық табыс	179	1 062	3 269	2 365	594%	72%	223%
10	Күрделі қаржы жұмсалымы, барлығы	21 464	18 190	19 297	21 251	85%	110%	117%

10. САЛАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

- Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзетін ұлттық флот кемелерінің алдағы уақытта ашық теңізге шығуы үшін сындарлы Теңіз порт әкімшілігін құру;

- салмағы 80 000 тонналық Афрамекс, Suezmax (салмағы 150 000 тоннаға дейін) типтес мұнай құю танкерлерінің және мұнай өнімдерін ашық теңізде тасымалдау үшін мұнай өнімдерін таситын танкерлердің құрылысын салу/сатып алу арқылы мұнайды ашық теңізде тасымалдау үшін теңіз кемелерінің меншікті флотының қуаттылықтарын кезең-кезеңмен үдете түсу;

- жергілікті қатысу үлесін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының ішкі топтық синергиясын ұлғайту мақсатында Каспий шельфінде теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша бірден бір флот операторы ретінде ҚТКФ тағайындау;

- нарықтағы жеке үлесін ұлғайту, сенімді және сапалы ұсынылатын қызметтерден жиынтық табыс көру мақсатында ҚТКС оффшорлық жобалары үшін меншікті сервистік флотты құру арқылы ұсынылатын қызметтер аясын кеңейту;

- мұнай өнімдерін, астықты, халық тұтыну тауарларын, сондай-ақ түрлі үйілген жүктерді экспортқа және импортқа шығарудың қосымша мүмкіндіктерін беретін жаңа көліктік-логистикалық жүйені дамыту мақсатында паромдық тасымалды жүзеге асыру;

- ҚР Теңіз кеме тіркелімінде тіркелген кемелер ұсынатын қызметтер үшін салық жеңілдіктеріне ие болу;

- ҚТКФ кемелерінің РФ ішкі су жолдары бойынша бөгетсіз өтуі арқылы ҚТКФ бизнес географиясының аясын кеңейту.

11. КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелді басқару – бұл шешімдерді қабылдау сапасын жақсарту және ҚТКФ тұрақты дамыту құралдарының бірі болып табылады. Компания қалыптасып отырған тәуекелді нақты анықтау, осы жайлы стейкхолдерлерді хабардар ету және ҚТКФ үшін ықтимал теріс салдарды мейлінше азайту мүмкіндігін беретін тәуекелді басқару жүйесін (ТБЖ) мақсаттылықпен қалыптастырады.

ҚТКФ тәуекелді басқару жөніндегі бағдарламасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар топтарының тәуекелін басқару жөніндегі Корпоративтік бағдарламасының бір бөлігі болып табылады.

Бірыңғай корпоративтік жүйе шеңберінде тәуекелді басқару шешімдерді қабылдау және оларды орындаудың үздіксіз циклдік процесі ретінде айқындалады.

Тәуекелді басқару жүйесін қолданысқа енгізу және жетілдіру бойынша жұмыс ҚТКФ Директорлар кеңесімен бекітілген ҚТКФ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі Іс-шаралар жоспары негізінде, сондай-ақ Бас директордың, ҚТКФ Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің өз алдына белгіленген міндеттері мен талаптарын негізге ала отырып, іске асырылады.

Топтың тәуекелін басқаруды тәуекелді бағалау және оған мониторингі жүргізу, олардың көлемін, құрылымы мен концентрациясын бақылау, тәуекелді оңтайландыру және азайту, тәуекел туралы жүйелі есептілікті қалыптастыру құрайды.

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру барысында туындайтын негізгі өндірістік, операциялық, қаржы және басқадай тәуекел мониторингін және басқаруды күнделікті негізде жүзеге асырады.

Сондай-ақ, жаңа инвестициялық жобалар бойынша материалдарды әзірлеу кезінде ықтимал тәуекелді бағалау және оларды азайту жөнінде ұсынымдарды әзірлеу міндетті болып табылды.

Компания мүліктік тәуекелді сақтандыруға ҚМГ ҰК каптивін тарту бойынша шараларды тәуекелді сақтандырудың корпоративтік бағдарламасын іске асыру шеңберінде алады. Сақтандыру шарттарын жасасу кезінде «Самұрық-Қазына» Қорының сақтандыру арқылы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі саясатының ережелері мен талаптарын мүлтіксіз сақтау қамтамасыз етіледі.

Кеменің корпусы мен бөлшектерін мүліктік сақтандыру бөлігінде сақтандыру арқылы қорғауды ұйымдастыру Қордың Каптивтік сақтандыру ұйымы - Kazakhstan Energy Reinsurance Company Ltd (Каптив) қатысуымен халықаралық нарыққа орналастыру арқылы жүргізіледі, бұл қоғам активтерінің тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мүмкіндігін береді. Өзге сақтандыру шарттары ҚТКФ ішкі рәсімдеріне сәйкес жасасады.

ҚТКФ негізгі тәуекелді үш уақыт бөлігінде – бюджеттік жылында, орта мерзімді бес жылдық перспективада және стратегиялық жоспарлау шегінде біруақытта басқару қажеттілігін назарға алады.

Тәуекелге әзір болу көрсеткіштерін белгілеу Компанияның ТБЖ даму векторын есеп беру кезеңі сияқты кейінгі уақытқа айқындап отыр. 2015 жылы тәуекел туралы ақпаратты өңдеу, басқарудың тиімді тетіктерін пысықтау және қорытындылай келгенде жалпы корпоративтік мәдениеттің ажырамас элементі ретінде «тәуекелді есепке алу мәдениетін» өнеге ету жағдайында бүкіл тәуекел иелерінің өзара іс-қимылының сапасын арттыру жалғаса түспек. Алдағы уақытта ТБЖ дамыту – бұл тәуекелге әзір болу мен негізгі қызмет көрсеткіштері жүйесінің өзара байланысын одан әрі пысықтау болмақ.

ҚТКФ тәуекелді сәйкестендіру жағдайында әлемдік тәжірибеге, салалық және халықаралық бенчмаркерлерге, сараптамалық бағалауға, статистикалық деректерге, аудиторлық және өзге тексерістердің нәтижелеріне сүйенеді.

12. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

12.1. Басқару құрылымы

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Жарғысының 7-бабына сәйкес «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мына органдары көздестірілді:

1. жоғары орган – Жалғыз қатысушы;
2. қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;
3. алқалы атқарушы орган – Басқарма;
4. бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы (Тексеруші).

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Жарғысының 1.3-тармағына сәйкес «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС **Жалғыз қатысушысы** «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады.

Қадағалау кеңесі қадағалау органы ретінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС атқарушы органының қызметіне бақылауды жүзеге асырады және 3 (үш) мүше құрамында құрылады. Қадағалау кеңесінің Төрағасы Жалғыз қатысушымен Қадағалау кеңесіне сайланған мүшелер қатарынан тағайындалады.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 4-тармағына сәйкес Қадағалау кеңесінің мүшесі тек қана жеке тұлға бола алады. Ол серіктестіктің атқарушы органының мүшесі болып біруақытта сайланбайды.

Басқарма атқарушы орган ретінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС істерін жүргізеді және оның ағымдағы қызметіне басшылық етеді. Атқарушы орган Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесі алдында есеп береді және Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарманы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басқармасының төрағасы (Бас директор) басқарады.

Басқарма мүшесі өз міндеттерін орындау кезінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мүдделігін таныта отырып адал және парасатты әрекет етеді.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мүшесі тек қана жеке тұлға бола алады.

Тексеру комиссиясы (тексеруші) бақылаушы орган ретінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады.

Тексеру комиссиясы (Тексеруші) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС жылдық қаржы есептілігін міндетті түрде Жалғыз қатысушымен осы бекітілгенге дейін тексереді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ («Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС) қызметі бойынша әртүрлі шешімдер 2014 жылдың ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы/Директорлар кеңесі деңгейінде қабылданды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімдері

Хаттама	Күні	Мәселенің атауы
№ 27	18.03.2014 ж.	Жалғыз қатысушымен бекітілетін «ҚТКФ» ЖШС Ішкі құжаттар тізбесін, «ҚТКФ» ЖШС Басқармасы туралы Қағидалық ережені бекіту және «ҚТКФ» ЖШС Басқармасы мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы
№ 46	29.04.2014 ж.	«ҚТКФ» ЖШС Басқармасының құрамын өзгерту туралы
№ 50	26.06.2014 ж.	«ҚТКФ» ЖШС қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы
№ 69	15.07.2014 ж.	«ҚТКФ» ЖШС жеке және шоғырландырма қаржы есептіліктерін, «ҚТКФ» ЖШС 2013 жылғы жылдық есептемесін, «ҚТКФ» ЖШС Қадағалау кеңесі туралы Қағидалық ережені бекіту және «ҚТКФ» 2013 жылғы таза кірістерін бөлу туралы

№ 79	26.08.2014 ж.	«ҚТКФ» ЖШС қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы ереженің өзгерістерін бекіту туралы
------	---------------	--

12.2. Қадағалау кеңесі

«ҚТКФ» ЖШС Жарғысының 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.8-тармақшасына сәйкес Қадағалау кеңесін сайлау, оның өкілеттік ету мерзімін айқындау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатады.

«ҚТКФ» ЖШС Жарғысының 9.2-тармағына сәйкес Қадағалау кеңесінің мүшелері Жалғыз қатысушымен мерзімі 3 (үш) жылға сайланады.

Қадағалау кеңесінің төрағасы Жалғыз қатысушымен Қадағалау кеңесіне сайланған мүшелердің қатарынан тағайындалады.

2014 жылдың ішінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесі мына құрамда сайланды:

(Кесте 2 қараңыз):

Кесте 2

Қадағалау кеңесінің төрағасы	Нұртас Нұрибекұлы Шманов	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының көліктік инфрақұрылым жөніндегі орынбасары
Қадағалау кеңесінің мүшелері	Шара Бақытжанқызы Танатарова	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік қаржыландыру және активтерді басқару жөніндегі директоры
	Бауыржан Құсайынұлы Валиев	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай мен газды тасымалдау жөніндегі жобаларды басқару департаменті директорының орынбасары

2014 жылдың ішінде «ҚТКФ» ЖШС Қадағалау кеңесінің бетпе-бет тәртіппен сегіз отырысы өткізілді, мұнда мынадай мәселелер пысықталды:

1. «ҚТКФ» ЖШС Қадағалау кеңесімен бекітілетін «ҚТКФ» ЖШС Ішкі құжаттар тізбесін бекіту туралы;

2. «ҚТКФ» ЖШС басшы қызметкерлеріне және корпоративтік хатшыға еңбекке ақы төлеу ережесін бекіту туралы;

3. «ҚТКФ» ЖШС басшы қызметкерлері және корпоративтік хатшы Лауазымдық қызметақыларының сұлбасын бекіту туралы;

4. «ҚТКФ» ЖШС Бас директоры (Басқарма төрағасы), Басқарма мүшелері және корпоративтік хатшы қызметақыларының мөлшерін, оларға еңбекке ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету талаптарын айқындау туралы;

5. «ҚТКФ» ЖШС басшы қызметкерлерінің 2014 жылға аналған Уәждемелі нгізгі қызмет көрсеткіштерін және мақсатты мәндерін бекіту туралы;

6. «ҚТКФ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының 2014-2016 жылдарға арналған Берешекті басқару саясатын бекіту туралы;

7. «ҚТКФ» ЖШС қызметтік және коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы;
8. «ҚТКФ» ЖШС корпоративтік хатшысы туралы Қағидалық ережені бекіту туралы;
9. «ҚТКФ» ЖШС корпоративтік хатшысына екінші тоқсан бойынша сыйлықақы беру және 2014 жылғы екінші жарты жылдыққа мақсаттарды белгілеу туралы; «ҚТКФ» ЖШС 2014-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту туралы;
10. «ҚТКФ» ЖШС 2014-2018 жылдарға арналған Бизнес-жоспарына 2014 жылғы Бюджет бөлігінде енгізілген түзетулерді бекіту туралы;
11. «ҚТКФ» ЖШС корпоративтік тартыстарын реттеу ережесін бекіту туралы;
12. «ҚТКФ» ЖШС қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесінің 5.2.1-тармағының іс-әрекетін қолданысқа енгізу мерзімін айқындау туралы;
13. «ҚТКФ» ЖШС ұйымдық құрылымын және штаттық кестесін әзірлеу, келісу және бекіту ережесін бекіту туралы;
14. «ҚТКФ» ЖШС 2015-2019 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын бекіту туралы;
15. «ҚТКФ» ЖШС Қадағалау кеңесінің отырыстарды өткізу кестесімен қоса 2015 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту туралы.

12.3. Басқарма

Басқарма – атқарушы орган, ол ҚТКФ ағымдағы қызметі үшін жауап береді.

Басқарма қызметінің негізін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тұлғасында Жалғыз қатысушының мүддесін барынша сақтау қағидаты құрайды және ол оның шешімдері және ҚТКФ Қадағалау кеңесінің шешімдері бойынша толықтай есеп береді.

2014 жылы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басқармасы мүшелерінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 18.03.2014 жылғы хаттамалық шешімімен (№27 хаттаманың 1-тармағы) 2013 жылғы 09 желтоқсаннан бастап ҚТКФ Басқармасының мүшесі Абзал Төлеубекұлы Мұқашевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданды;

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 29.04.2014 жылғы (№46 хаттаманың 13-тармағы) 2014 жылғы 31 наурыздан бастап ҚТКФ Басқармасының мүшесі Серік Айдарұлы Ішмановтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Басқармаға мүше ретінде мына қызметкерлерді: Серік Жетпісбайұлы Ахметов пен Айдар Есенжанұлы Оржановты сайлау туралы шешім қабылданды.

Басқарма өз қызметін ҚТКФ Жарғысы және ҚТКФ Басқармасы туралы Қағидалық ережеге сәйкес жүзеге асырады. 2014 жылғы кезең ішінде ҚТКФ Басқармасының 23 отырысы өтті, қаралған мәселелер саны – 88. 2014 жылғы кезең ішінде ҚТКФ Басқармасының төрағасы мен оның мүшелеріне сыйақы төлемдері жүргізілмеді.

2014 жылғы желтоқсанның 31-і күнгі жағдайы бойынша Басқарма құрамындағы адамдар туралы мәлімет:

Басқарма төрағасы (Бас директор)

- Марат Көшкінбайұлы Орманов

Басқарма мүшелері:

- 1) Коммерциялық директор – Айдар Есенжанұлы Оржанов;
- 2) Қаржы директоры – Серік Жетпісбайұлы Ахметов;
- 3) Бас директордың даму жөніндегі орынбасары (Астана қаласы) – Алтынай Төлегенқызы Уәлиева;
- 4) Құқықтық қамтамасыз ету және сатып алулар департаментінің директоры – Жомарт Сәрсенбекұлы Мұхамеджанов.

2014 жылдың ішінде Басқарма отырыстарында бұдан өзге мынадай мәселелер пысықталды:

- ҚТКФ ішкі құжаттарын мақұлдау не болмаса бекіту;
- ҚТКФ жоғары органдарының құзыретіне жататын мәселелерді мақұлдау;
- Басқарманың Жұмыс жоспарын бекіту;
- ҚТКФ ағымдағы қызметінің өзге мәселелері.

2014 жылы ҚТКФ Басқармасымен мына құжаттар бекітілді:

- 1) «Сатып алуларды басқару» ҚТКФ.008 КСТ;
- 2) «ҚТКФ және/немесе оның еншілес ұйымдарының активтерін қайта құрылымдау ережесі» ҚТКФ.050 КСТ;
- 3) «ҚТКФ активтерін құрылымдау жөніндегі комитет туралы Қағидалық ереже» ҚТКФ.072 КСТ;
- 4) «ҚТКФ бойынша ТЖҰ тәртібі туралы Қағидалық ереже» ҚТКФ.022 КСТ;
- 5) «Еңбекке ақы төлеу ережесі» ҚТКФ.093 КСТ;
- 6) «Бюджеттік комиссия туралы Қағидалық ереже» ҚТКФ.083 КСТ;
- 7) «Мұнайды құйып алуға және порттағы жүктерді жөнелтуге айлақты беру бойынша қызметтерді ұсыну» ҚТКФ.013 КСТ
- 8) «Шикі мұнайды тасымалдау» ҚТКФ.014 КСТ;
- 9) «Жүктердің тасымалы» ҚТКФ.017 КСТ;
- 10) ҚТКФ және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қатысуымен жауапкершілігі шектеулі серіктестерден, сондай-ақ өзге ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйымдардың акциялар пакеттерін сатып алу және заңды тұлғаларды құру ережесі» ҚТКФ.077 КСТ;
- 11) ҚТКФ ЖШС БЖ ӘКБМ ережесі» ҚТКФ.047 КСТ;
- 12) «Жеке мұрағат туралы Қағидалық ереже» ҚТКФ.048 КСТ;

- 13) «Сараптама комиссиясы туралы Қағидалық ереже» ҚТКФ.049 КСТ;
- 14) «ЖШС объектілерін жөндеу, құрылысын салу және техникалық жай-күйін қадағалау» ҚТКФ.023 КСТ;
- 15) «Шоғырландырма жұмыс нұсқаулығын әзірлеу жөніндегі ЖН» ҚТКФ.061 КСТ;
- 16) «Инвестициялық комиссия туралы Қағидалық ереже» ҚТКФ.020 КСТ;
- 17) «ТКФ ИЖ пысықтау ережесі» ҚТКФ.006 КСТ;
- 18) «Жазбаларды басқару ережесі» ҚТКФ.006 КСТ;
- 19) «МБЖ құжаттарын басқару ережесі» ҚТКФ. 002 КСТ;
- 20) «ЖҚҚ беру рәсімі» ҚТКФ.082 КСТ;
- 21) «Шарттарды әзірлеу, жасасу және оларды орындау туралы Қағидалық ереже» ҚТКФ.063 КСТ;
- 22) «АМОС флоттың техникалық менеджменті автоматтандырылған жүйесінің жұмысқа жарамдылығын ұйымдастыру және тиісті деңгейде күтіп ұстау» ҚТКФ.018 КСТ;
- 23) «Ішкі аудит» ҚТКФ.007 КСТ;
- 24) «Басшылық тарапынан МБЖ талдау» ҚТКФ.009 КСТ;
- 25) «АМОС ФТМАЖ қолдану» ҚТКФ.078 СТ;
- 26) «БҚ және ҚН әзірлеу жөніндегі ЖН» ҚТКФ.003 КСТ;
- 27) Бөлімшелер туралы Қағидалық ережелер және қызметтік нұсқаулықтар»;
- 28) «ИЖ ҚҮ ӘӨМ ережесі» ҚТКФ.099 КСТ;
- 29) «Іс жүргізу ережесі» ҚТКФ.004 КСТ;
- 30) «Сәйкес келмеушіліктерді басқару ережесі» ҚТКФ.011 КСТ;
- 31) «Қызметкерлерді марапаттау және сыйақылау тәртібінің ережесі»;
- 32) «ӨҚ және ЕҚ жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу ережесі» ҚТКФ.062 КСТ;
- 33) «Қызметкерлерге аттестаттау жүргізу ережесі» ҚТКФ.012 КСТ;
- 34) «Әкімшілік және өндірістік персоналды бағалау ережесі» ҚТКФ.067 КСТ;
- 35) «Басқарушылық персоналды сыйақылау ережесі» ҚТКФ.069 КСТ;
- 36) «Ішкі еңбек тәртібінің ережесі» ҚТКФ.024 КСТ;
- 37) «ҚТКФ сатып алуларын жоспарлау және шарттарға мониторингі жүргізу АЖ жұмыс жөніндегі Жұмыс нұсқаулығы» ҚТКФ.090 КСТ;
- 38) «Жалғыз акционердің немесе Қадағалау кеңесінің қарауына мәселелерді шығару тәртібі» ҚТКФ.065 КСТ;
- 39) «Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және бағалау» ҚТКФ.015 КСТ;
- 40) «Ішкі нормативтік және ақпараттық құжаттарды басқару ережесі» ҚТКФ.005 КСТ;
- 41) «ИЖ пысықтау ережесі» ҚТКФ.021 КСТ.

12.4. Тексеру комиссиясы (тексеруші)

2014 жылғы желтоқсанның 31-і күнгі жағдайына «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Жарғысының 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.8-тамақшасына сәйкес «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Жалғыз қатысушысының шешімімен тексеру комиссиясын (тексеруші) құру мәселесі жөнінде шешім қабылданған жоқ.

13. Компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының меншік құрылымы

ҚТКФ тобының құрамына оның 100 % еншілес ұйымдары ретінде «Kazmortransflot Ltd.» (Мэн аралдары), «Kazmortransflot UK Ltd.» (Ұлыбритания), «Altai Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) және «Alatau Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) кіріп отыр.

Компания активтерінің құрылымы туралы қысқаша ақпарат

№ р/н	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ құрылымындағы ұйымдардың атаулары	Үлесі	Шоғырландыру жағдайы	Шоғырландыру әдісі (қатысу үлесіне, құнына толық, барабар)
1	Kazmortransflot Ltd	100%	иә	толық
2	Kazmortransflot UK Ltd	100%	иә	толық
3	Altai Shipping Ltd	100%	иә	толық
4	Alatau Shipping Ltd	100%	иә	толық

ҚТКФ активтерінің құрылымына мыналар кіріп отыр:

1) **Сауда флоты:** әрқайсысы 12,000 тонналық меншікті «АСТАНА», «АЛМАТЫ» танкерлері, «АҚТАУ ТК» танкері – қаржы лизингі, салмағы 13 000 тонналық «АТЫРАУ», «АҚТӨБЕ», «ОРАЛ» танкерлері, әрқайсысы 110 000 тонналық ірі көлемді мұнай құю танкерлері «АЛТАЙ», «АЛАТАУ» танкерлері – займ қаражатының есебінен сатып алынды.

2) **Теңіз операцияларын қолдау флоты (ТОҚФ):** 13 бірлік – «ҚТКФ-1», «Есіл», «Тобыл», «Орал», «Ертіс» магистралдық сүйреткіштері, жүккөтерімдігі әрқайсысы үшін 3 600 тонналық «ҚМГ» сериясындағы 8 баржа-алаңша.

3) өзге объектілер:

- №1 Келісім шарт бойынша жер қойнауын пайдалануға 2014 жылғы 01 наурызға дейін берілген «Айназар» тас түрлерінің кен орны;

- құрылыс және әкімшілік орын-жайды (кеңсе орын-жайы) пайдалану үшін көзделген 0,5420 га жер учаскесі;

- құрылыс және әкімшілік орын-жайды (кеңсе орын-жайы) пайдалану үшін көзделген 0,4157 га жер учаскесі;

- құрылыс және яхтаға арналған ангарды пайдалану үшін көзделген 0,03 га жер учаскесі;

- Маңғыстау облысы Мамандандырылған аймақаралық экономикалық сотының шешімі негізінде Ақтау халықаралық теңіз сауда портына берілген №4, 5 айлақтарда орналасқан стендерлер мен құбырлар.

14. БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ

ҚТКФ жұмысының басты қағидаттарының бірі халықаралық стандарттардың талаптарын оларды Компанияда қалыптасып отырған сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау сияқты жүйелерге енгізу арқылы сақтай отырып, шығыстарды азайту және табысты ұлғайту, әлемдік нарықта Компанияның беделін арттыру мақсатында бизнестің тиімді әдістерін қолдану арқылы жүзеге асыру үшін кемелерді қауіпсіз, тиімді және үнемді пайдалану болып табылады.

14.1. Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жүйесінің менеджменті

Менеджменттің біріктірілген жүйесін (сапа, экология, қауіпсіздік) Халықаралық стандарттардың талаптарына жауап беретін «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС тұрақты дамуының алғышарты ретінде бағалаған жөн.

Қазақстан Республикасын дамытудың 2050 жылға дейінгі Стратегиясына, сондай-ақ ҚР Премьер-Министрінің 2004 жылғы 6 наурыздағы №28 өкімімен бекітілген қазақстандық кәсіпорындарды халықаралық стандарттарға жеделдетіп өткізу бойынша Жұмыс жоспарына сәйкес ҚТКФ бойынша **Менеджменттің біріктірілген жүйесі (МБЖ)** қолданысқа енгізілді.

Сапа менеджментінің жүйесін (ИСО 9001 ХС), экологиялық менеджмент жүйесін (ИСО 14001 ХС), кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесін (OHSAS 18001) қолданысқа енгізу ҚТКФ корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге ұмтылу, өз алдына қойған міндеттерді тиімді орындау, клиенттердің, ұсынылатын қызмет көрсетулерге, соның ішінде теңізде жүзу қауіпсіздігі бойынша қызметтерге қатысты талаптарын қанағаттандыру үшін қажетті көптеген бір-бірімен байланысты қызмет түрлерін іске асыру қажеттілігімен туындап отыр.

МБЖ және ҚБЖ шеңберінде ҚТКФ қызметінің негізгі процестерін сипаттайтын және регламенттейтін құжатталған рәсімдер (ҚТКФ КСТ), ҚБЖ ішкі нормативтік рәсімдер әзірленіп, өзектендірілген жай-күйінде күтіп ұсталуда.

ҚТКФ мына салаларда өз Саясатын айқындады:

- сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау;
- алкогольдік ішімдіктерді және есірткі препараттарын қолдануға қарсы;
- энергияны үнемдеу.

2014 жылға бекітілген ішкі аудит жүргізу кестесіне сәйкес ішкі аудиторлар тобымен ҚТКФ әкімшілік бөлімшелері мен кемелерінде Менеджменттің біріктірілген жүйесіне тексеріс жүргізілді.

2014 жылғы сәуірде ҚТКФ МБЖ инспекциялық аудит (қадағалау) жүргізілді, оны жүргізу барысында «Русский Регистр» (РР) сертификаттау жөніндегі

қауымдастықтың сарапшы-аудиторлары компанияның әкімшілік бөлімшелерінде, сондай-ақ кемелерінде менеджменттің біріктірілген жүйесінің жұмысын тексерді.

ҚТКФ Қазақстан Республикасының Энергия үнемдеу саясатына, ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкес компания бойынша энергиялық менеджмент жүйесін қолданысқа енгізу және оны одан әрі дамыту мақсатында жүргізілетін конференцияларға, семинарларға, форумдарға белсенді қатысып отырды. Орталық Азияда (CAEESP) энергиялық тиімділікті қолдау бағдарламасы бойынша ықпалдасатын компаниялармен кездесулер және кеңес беру тұрақты негізде жүргізілді.

ҚТКФ сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттарын жыл сайын пысықтайды және менеджменттің біріктірілген жүйесіне талдауды оның жұмысын жақсарту және дамыту бойынша бағыттарды айқындау мақсатында жүргізеді.

ҚТКФ Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі №04-11/ДК хаттамалық шешімімен (хаттаманың № қосымшасы) бекітілген «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ ұзақ мерзімді кезеңге арналған (2020 жылға дейін) Даму стратегиясына сәйкес Компания «Әлеуметтік жауапкершілік» SA 8000 жаңа халықаралық стандарттарымен белгіленіп отырған талаптардың негізінде әлеуметтік жауапкершілік жүйесін және «Ақпараттық қауіпсіздік жүйесі – Ақпараттық технологиялар – Талаптары» ИСО/IEC 27001 жаңа халықаралық стандарттарымен белгіленіп отырған талаптардың негізінде Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесін қажеттілігіне қарай 2020 жылға дейін қолданысқа енгізуді жоспарлайды.

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармағына сәйкес энергетикалық ресурстарды шартталған отынның жылына бір мың бес жүз және одан жоғары тоннаға барабар көлемінде тұтынатын Мемлекеттік энергетикалық тізім субъектілері (бұдан әрі – МЭТ субъектілері) энергиялық менеджмент жүйесін энергиялық менеджменттің халықаралық стандарттарына сай құруға, қолданысқа енгізуге және ұйымдастыруға тиіс. Бұдан басқа Заңның 16-бабына сәйкес МЭТ субъектілері энергиялық аудитті Заңның қабылданған күнінен бастап үш жыл ішінде жүргізуі қажет.

Бүкіл энергиялық цикл бойы өндірістен тұтынушыға дейін энергия үнемдеу әлеуетін бірізді іске асыруға бағытталып отырған энергия үнемдеу саласындағы арнайы Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен қабылданды.

«Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) 2014 жылғы 10 қазандағы №08-1-14-08/3812 хатына сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қоры Басқармасының 2014 жылғы 14 наурыздағы хаттамалық шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының энергия тиімділігін арттыру бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) орындалуына мониторингі жүргізу шеңберінде негізгі энергиялық тиімділік көрсеткіштері жөнінде есептеме ай сайынғы негізде берілуге тиіс.

Осы Заңды, Бағдарламаны іске асыру мақсатында ҚТКФ тарапынан мынадай жұмыс жүргізілді:

- 1) 2014 жылғы 17 қаңтарда Энергиялық менеджмент саясаты әзірленіп, бекітілді;

- 2) Энергиялық менеджмент жөнінде Жұмыс тобы құрылды (2014 жылғы 24 қыркүйектегі №76 п бұйрық);
- 3) ҚТКФ бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелеріне жауап беретін жауапты бөлімше – ФТПД (ЭМЖ жөніндегі Жұмыс тобының 2014 жылғы 26 қыркүйектегі №01 хаттамасының 1-тармағы) айқындалды;
- 4) Энергиялық экономикалық талдау үшін деректер базасын негізгі энергиялық тиімділік көрсеткіштерінің есеп әдістемесіне сәйкес қалыптастырылды (алдыңғы бес жыл бойынша 1-ТЭР үлгілік нысанына сәйкес база);
- 5) Бағдарлама орындаушысына қажетті ақпарат, сондай-ақ Бағдарлама іс-шараларын іске асыру барысы туралы есептеме белгіленген мерзімде ай сайын мына мекен-жайға берілді: Ақтау қаласының облыстық әкімдігі, ҚТКФ Жалғыз қатысушысы (ҚМГ), Қор.

14.2. Қауіпсіздікті басқару жүйесі

ҚТКФ 2006 жылдан бастап Компания бойынша қолданысқа енгізілген Қауіпсіздікті Басқару Жүйесінің деңгейін таза теңіз жағдайларында қауіпсіз, қорғалған және тиімді кеме қатынасы үшін, Қазақстан Республикасының теңіз саласын тұрақты дамыту мақсатында ұлттық тасымалдаушының әлеуетін күшейте отырып арттыруда.

ҚТКФ Қауіпсіздігін Басқару Жүйесінің жұмысына жүргізілген талдау барысында 2014 жылы өз алдына белгіленген мақсаттардың ҚТКФ Саясатымен, Компанияның Жоғары Басшылығымен белгіленген стратегиялық мақсаттармен және міндеттермен көзделген теңізде жүзу қауіпсіздігінің негізгі қағидаттарын, кеме қатынасы саласында Халықаралық конвенциялардың, Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамалық базасының талаптары мен ҚБЖ рәсімдік талаптарын сақтай отырып, жемісті іске асырылуы байқалуда.

Теңіз операцияларын қолдау флотын оффшорлық аймақта пайдалануға әзірлікті қамтамасыз ету және Компанияның Оффшорлық кемелерді басқару Компаниясының (Offshore Vessels Management Self Assessment (OVMSA) өзін өзі бағалау бағдарламасы бойынша қадағалау аудитінен және OCIMF OVID сауалнамасы бойынша кеме инспекциясынан жемісті өтуін іске асыру шеңберінде мыналар іске асырылды:

1. ҚБЖ рәсімдік талаптарын Халықаралық стандарттарға негізделген жүкжөнелтушілердің талаптарына өзара сәйкестендіру мақсатында Қауіпсіздікті Басқару Жүйесі қайта пысықталды.

«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТҚҚК» ЖШС ҚБЖ ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН ҚҰРЫЛЫМЫ



2. Жүкжөнелтушілер тарапынан қолжетімділікті қамтамасыз ету және ҚТКФ деңгейін бағалау мақсатында ҚБЖ оффшорлық рәсімдерімен белгіленген талаптар шеңберінде OVMSA (Offshore Vessels Management Self Assessment) бағдарламасы бойынша Компанияның өзін өзі бағалауы/ Оффшорлық кемелерді басқаратын компанияның өзін өзі бағалау бағдарламасы OCIMF OVID сайтында жария етілді.

3. OCIMF OVID сайтында компанияны және ҚТКФ Теңіз операцияларын қолдау флотын тіркеу және OVPQ: (Offshore Vessels Inspection Database (OVID)) жария ету қамтамасыз етілді.

4. Компанияның бастамашылық танытуымен Компанияға OVMSA (Offshore Vessels Management Self Assessment) бағдарламасы/ Оффшорлық кемелерді басқаратын компанияның өзін өзі бағалау бағдарламасы бойынша қадағалау аудиті және теңіз операцияларын қолдау флотына OVPQ сауалнамасы бойынша превентивтік инспекция жүргізілді. Компанияға жүргізілген қадағалау аудиті мен превентивтік инспекциялардың нәтижелері бойынша превентивтік іс-әрекетті әзірлеуге бағытталған Іс-шаралар жоспары әзірленді.

Кемелердің іркіліссіз және авариясыз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында ҚТКФ жағалаулық және кемелік персоналымен ҚБЖ регламенттелетін мына өндірістік процестер жүйелі жүргізілді:

1. Қауіпсіздікті Басқару Жүйесінің тиімділігін өзін-өзі бағалау

ХҚБЖ шеңберінде ҚБЖ тиімділігін өзін-өзі бағалау жылына бір мәрте жүйелі түрде жүргізіліп отырады, ал оның нәтижелері кемелердің қауіпсіздігін арттыру және кемелерден ластануды болдырмау мақсатында қолданылады. Осы ретте жүйенің кемелдену коэффициенті сандық мәнінің қарқынды өсуі мынадай қауіпсіздіктің негізгі салаларында байқалуда:

1. Компанияның саясаты және жауакершілігі;
2. Персонал және ресурстар;
3. Негізгі операциялардың қауіпсіздігі;
4. Авариялық жағдайларға әзір болу;

5. Сәйкес келмеушіліктер және техникалық қызмет көрсету;
6. Компания ҚБЖ құжаттамасы мен оның тиімділігін талдау.

2014 жылы кемелдену деңгейінің бағалымы он балдық шәкіл бойынша – 8.44 болды. 2013 жылғы көрсеткіштермен салытырмалы талдау кезінде 0.34 балға жақсару қарқындылығы байқалды.

2013 жылдан бастап танкерлерді басқару жөніндегі компанияның өзін-өзі бағалауы Халықаралық мұнай компаниялары теңіз форумы (OCIMF) тарапынан әзірленген TMSA бағдарламасы бойынша жүргізілуде. Осы бойынша есептемелер OCIMF- TMSA веб-сайтында жария етілді.

Жағалаулық және кемелік персонал тарапынан ҚБЖ өзгерістері туралы ұсыныстарды пысықтау мақсатында, ішкі және сыртқы кеме тексерістерінің, техникалық инспекциялардың, Сыныптау қоғамдары тарапынан жүргізілген кемелерді куәландыру және Компанияға өткізілген аудит нәтижелерін, теңіз заңнамалық базасындағы жаңалықтарды талдау, оқу және семинарларды жүргізу қажеттілігін есепке ала отырып, Компанияның Жоғары Басшылығының қатысуымен Қауіпсіздік/Сапа/ҚОҚ/Кәсіби қауіпсіздік отырыстары тоқсан сайын және жыл сайын өткізіліп отырды.

2. Компания мен оның кемелеріне ҚБЖ бойынша жүргізілген сыртқы аудиттер

2014 жылғы 12 маусымда Компанияны ҚБЖ бойынша жыл сайын куәландыру жүргізілді, оның барысында Сыныптау Қоғамының өкілдері Компанияның теңізде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамның жарақат алуын немесе адам өліміне әкеліп соқтыратын жағдайларды болдыртпау, қоршаған ортаға және мүлікке зиян келтірмеу сияқты ХҚБК талаптарына сәйкес болуы туралы құжат расталды. Нәтижесінде КТ өкілдері ҚТКФ ҚБЖ тиімділігін атап өтті және жүйелі процестерді жақсарту жөнінде өз ұсынымдарын берді.

Қауіпсіздікті басқару Жүйесі туралы Куәлікті алу мақсатында ерікті куәландыру шеңберінде «Орал», «Ертіс» кемелеріне осы кемелерге уақытша куәландыру көлемінде Қауіпсіздік Басқару туралы Уақытша Куәлік алу арқылы Қауіпсіздікті Басқару Жүйесі қолданысқа енгізіліп, сертификатталды.

3. ҚТКФ кемелеріне техникалық қадағалау жүргізу

Бүгінде ҚТКФ кемелері Ресей кеме теңіз тіркелімінің қадағалауымен Халықаралық конвенцияларға және РТКТ Қағидасына сәйкес келеді.

ҚТКФ кемелеріне Кеме тіркелімі (бұдан әрі – КТ) тарапынан сыныптау талаптары мен халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес келуіне техникалық қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде ҚТКФ кемелері куәландырудың мына түрлерінен өтті:

- Жыл сайынғы – 7 куәландыру;
- Кезекті (жіктеліміне қатысты) – 1 куәландыру;
- Аралық – 1 куәландыру;
- Кезектен тыс – 9 куәландыру;
- Кемелің су асты бөлігін куәландыру – 7 куәландыру.

4. Port State Control инспекциясы – бұдан әрі PSC

ҚТКФ кемелері есеп беру кезеңі ішінде халықаралық теңіз конвенцияларының (Порт мемлекетімен кемелерді бақылау туралы Түсіністік меморандумы – Париж Меморандумы) талаптарын сақтау шеңберінде Махачкала, Түрікменбашы, Астрахань порттарының мемлекеттік инспекторларының тексерістерінен өтті. PSC ресімдеген есеп құжаттары кеме капитандарымен Компанияға дер кезінде берілді және бірлескен түзетулерді енізу және сақтандыру іс-әрекеттері пысықталды.

Халықаралық конвенцияларды қолданысқа енгізу.

ҚТКФ жағалаулық персоналы сауда мақсатында теңізде жүзу саласында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің, Халықаралық конвенциялар мен басқадай нормативтік құжаттардың өзгерістері мен толықтырулары бойынша ұсыныстарды енгізу шеңберінде заң шығаруға белсенді қатысты.

Қазақстан Республикасында кемелердің жүзу жерін анықтау және оларды қашықтықтан бақылау жүйесінің SOLAS -74 конвенциясының талаптарына сәйкес қолданысқа енгізілуі ойдағыдай қамтамасыз етілді.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 12.06.2014 жылғы «Қазақстан Республикасы үшін теңіз кеме қатынасы саласында навигация және байланыс қызметтерін ұсынатын ұйымдарды анықтау туралы» №366 бұйрығына сәйкес озат Интернет технологияларды қолдану арқылы «Инмарсат-С» теңіз жылжымалы спутниктік байланыстың техникалық құралдары, «Навстар» (GPS) ғаламдық спутниктік навигациялық жүйесінің базасында автоматтандырылған мониторингі мен теңіз және аралас (өзен-теңіз) жүзу кемелерінің орналасқан жерін бақылауды жүзеге асыру үшін көзделген «Виктория» кеме мониторингі жүйесін әзірлеген Провайдер ретінде «Морсвязьспутник» ФМУК анықталды. Алайда Қазақстан Республикасында «Морсвязьспутник» ФМУК өкілеттігі шектеулі болғандықтан, ол тек қана программалық жасауды ұсыну құқығына ие болады.

Осы орайда ҚР аумағында жылжымалы спутниктік байланыс қызметтерін Қазақстан Республикасында ОСДР жүйесінде спутниктік байланыс қызметтерінің провайдері ретінде анықталған, 001637 АБА Мемлекеттік лицензиясы бар «Жарық» ЖШС ұсынып отыр.

Қазіргі уақытта «Виктория» КМЖ арқылы ҚТКФ 6 танкерінің жүзу жері <https://victoria.lrit.ru/>. интернет сайты бойынша анықталып отырады.

6. Компания кемелеріне жүргізілген ішкі аудит

Қауіпсіздікті Басқару Жүйесін тиісті деңгейде күтіп ұстау және Компанияның және кемелердің ХҚБК талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету бойынша қызметті тексеру үшін ҚБЖ жауапты негізгі бөлімшелерде және ҚТКФ кемелерінде 2014 жылғы аудит жүргізу Кестесіне сәйкес ішкі аудит жүргізілді.

Жүргізілген ішкі аудит пен техникалық инспекциялардың нәтижелері бойынша түзетулерді енгізу және сақтандыру іс-әрекеттері әзірленіп, компанияны басқару жүйесінде әлеуетті кемшіліктерді анықтау, ҚБЖ ұдайы жақсартып отыру, превентивті іс-әрекетті жоспарлау үшін Жоғары басшылық деңгейінде есептілік талдамасы жүргізілді.

7. Оқу-жаттығу және дабыл

Компанияда авариялық жағдайлардың туындаған жағдайында жағалаулық персоналдың және кеме экипажының осыған әзір болуына және тиімді іс-әрекет алуына, сондай-ақ оның салдарын барынша азайтуға және жоюға үлкен көңіл бөлінуде.

Жағалаулық және кеме персоналының авариялық жағдайларға сәйкестендірілген және өзге болжауға келмеген әлеуетті ықтимал аварияларда әрекет етуге әзір болуын және тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС кемелерінде авариялық жағдайлар мен оқиғалар жөнінде Жедел штаб және Қауіпсіздік жөніндегі кеме комитеті (топ) құрылды.

ҚТКФ кемелерінде авариялардың орын алған жағдайында жағалаудағы және кемедегі персоналдың оған әзір болуын бақылауды жүзеге асыру үшін жағалаулық және кемелік персоналдың авариялық жағдайларға сәйкестендірілген және өзге болжауға келмеген әлеуетті ықтимал аварияларда әрекет ету, аварияны болдырмау, оның салдарын оқшауландыру және мейлінше азайту іс-әрекетін пысықтау оқу-жаттығуларының Күнтізбелік жоспары жыл сайынғы жоспарлы негізде түзіп жасалады.

Компания ҚБЖ рәсімдік талаптарына сәйкес ҚТКФ кемелерінде 2014 жылы ай сайынғы негізде Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кеме комитетінің отырыстары ай сайынғы хаттамаларды ресімдеу арқылы мына мақсатта жүргізілді:

- қауіпсіздік шараларының алынуын және кемеде қажетті қауіпсіздік деңгейінің күтіп ұсталуын талдау және тікелей бақылау, кеме экипажының денсаулығы және кеме қауіпсіздігі үшін қауіп тудыратын бүкіл әлеуетті қатерлерді айқындау және анықтау;
- компания тарапынан капитанға қандай да болмасын уақиғаға әкеліп соқтыруы немесе адамдарға зиян келтіруі мүмкін әлеуетті қатерлерді жою жөнінде ұйғарымдарын әзірлеу.

8. 2014 жылға арналған ҚБЖ шеңберінде ҚТКФ қызметкерлерін оқыту

2014 жылға арналған ҚБЖ шеңберінде ҚТКФ қызметкерлерін оқыту ХҚБК, халықаралық конвенциялардың, ҚР ұлттық заңнамасының талаптарын, ОСИМФ-TMSA, ОСИМФ-OVID шеңберінде жүкжөнелтушілердің талаптарын есепке ала отырып, жоспарланды.

Атап көрсетілген семинарларды жүргізу қажеттілігін бағалауды оқу тиімділігін және бюджет қаражатын оңтайлы шығыстау мақсатында ҚТКФ Жоғары Басшылығы өз бетімен айқындайды.

ХҚБК талаптары шеңберінде, ҚТКФ кемелері мен ҚБЖ үшін жауапты негізгі бөлімшелерге ҚБЖ бойынша ішкі аудит жүргізу мүмкіндігіне ие болу мақсатында Компанияда «ҚБЖ ішкі тексерістерінің сарапшысы» бағдарламасы бойынша 11 адам, соның ішінде 2014 жылы 4 адам оқытылды.

Кемелік және жағалаулық персоналдың теңіз заңнамасының саласында біліктілік, құзырлық пен кәсіби даярлық деңгейін арттыру мақсатында ҚТКФ Басшылығы 2014 жылы мына қауіпсіздік мәселелері жөніндегі халықаралық конференцияларға, семинарларға, оқу-жаттығуларға және тренингтерге қатысу үшін қаржы ресурстарын бөлді:

1. «Теңізде апатқа ұшыраған адамдарды іздеу және оларды құтқару, аумақтық мәнге ие теңіз аварияларының және мұнай төгілуінің салдарын жою» халықаралық кешенді оқу;

2. «Сапалы кеме қатынасы: ХХІ ғасыр стандарты» субстандарттық кеме қатынасы жөніндегі семинарлар;

3. «Халықаралық теңіз тасымалын реттеу» оқу-тренингі;

4. Халықаралық кеме ұйымының (ИМО) / International Maritime Organization конференциялары;

5. «Ішкі су жолдарында және жағалау маңындағы суларда кеме жүргізу. Кеме қатынасы қауіпсіздігіне, балластауға, шлюзге қойылатын талаптар. Агенттік қызметтердің және сүйретудің өзекті мәселелері.

6. «Су көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

Теңіз кеме қатынасын реттейтін Халықаралық конвенцияларға енгізілген Түзетулер шеңберіндегі оқу семинарлары.

14.3. Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (бұдан әрі – ЖШС) техника қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында нақтылы жұмыс атқарды.

ҚТКФ қызметкерлерінің 2014 жылғы орташа адам саны 217 адамды құрады, жұмыс жасаған жұмыс уақыты – 332 380 адам/сағат болды.

Есеп беру кезеңі ішінде ҚТКФ бойынша өндірістік жарақаттану және жазатайым оқиғалар, өрт алу немесе өндіріс учаскелерінде және кемелерде экологиялық залал келтірумен орын алған авариялар тіркелмеді.

Қызметтік автокөлікті пайдалану кезінде жол-көліктік оқиғаларына жол берілген жоқ.

1. Еңбек қауіпсіздігі

Кемедегі экипаждың еңбек жағдайларын және қауіпсіздігін тиісті деңгейде қорғау мынадай іс-шараларды алу арқылы қамтамасыз етілді:

- діріл-акустикалық қабілеті жақсартылған және амортизаторларға орнатылған дизель-генераторларды және негізгі қозғалтқыштарды қолдану;
- ауаны баптау жүйесінде шуыл бәсеңдеткіштерін орнату;
- орын-жайларда дірілді төмендететін мастиктер мен дыбыс окшаулағыштарды пайдалану;
- орын-жайлардың қаптамасын жақсартылған акустикалық сипаттамасында қолдану;
- неғұрлым жауапты жергілікті автоматтандырылған бөлшектерді (қазандықтар, компрессорлар, сепараторлар) және рульдік рупкадан және ОБП негізгі

қозғалтқыштарды, дизель-генераторларды, негізгі және қызмет көрсетуші бөлшектерді қашықтықтан басқару;

- кемені МБ вахта жүргізбей мерзімді қызмет көрсету арқылы пайдалану;
- рупка діңгегі мен оның төбесінде, экипаждың тұрақты жұмыс орындарынан тыс жерлерде радиоэлектрондық құралдардың сәулелік антенналарын орнату;
- антеннада орнатылған таратқышпен қоса негізгі сәуле тарату көзі ретінде радиолокациялық станцияларды қолдану, яғни кеменің жұмыс және тұрғын жайлардан тысқары орналасқан;
- бүкіл радиоэлектрондық аппаратура үшін металдан жасалған экран-корпустарды қолдану.

Кемені санитарлық бақылаудан босату/кеменің санитарлық бақылаудан өтуі туралы Куәлікті алу (Халықаралық медициналық-санитарлық қағидаға сәйкес) мақсатында кемелерді сумен жабдықтау жүйелеріндегі суларға микробиологиялық және бактериологиялық зерттеу әрбір 6 ай сайын жүргізіліп отырады.

2. Сақтандыру

Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіруден қызметкерлердің мүліктік мүддесін қорғауды (сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы) қамтамасыз ету, сондай-ақ 07.02.2005 жылғы «Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» ҚР № 30-III ҚРЗ Заңының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру рәсімі жүргізілді. 2014 жылы «НОМАД LIFE» өмірді сақтандыру жөніндегі компания» АҚ 2 372 199 теңге 98 тиын сомасына сақтандыру шарты жасасты. Сақтандыру мерзімі 2014 жылғы 18 сәуірден 2015 жылғы 17 сәуірге дейін деп белгіленді. Есеп беру кезеңі ішінде сақтандыру төлемдері жүргізілмеді.

Автокөлікті спутниктік бақылау жүйесі

Қызметтік автокөліктің қауіпсіз пайдаланылуын және ЖКО сақтандыруды жүзеге асыру мақсатында ҚТКФ бойынша автокөлікті спутник арқылы бақылау жүйесі қолданысқа енгізілді. Аталмыш жүйе қызметтік автокөлікке орнатылған және көлік құралының жай-күйі мен тұрған жері туралы сымсыз GSM-арнасы бойынша мәлімет беру үшін көздестірілген электрондық құрылғы (терминал-датчик) болып табылады. Қызметтік автокөлікті тәулік бойы бақылау және оның қозғалысына мониторингі жүргізу (жылдамдық режимі, тұрған жері, қозғалып отыру бағыты, жол жүру және тоқтап тұру уақыты) нақтылы уақыт режимінде жүзеге асырылады. Тұрған жерін анықтау және осы жайлы деректерді беру Ғарыштық навигациялық жүйе (GPS) және қызметтік автокөлікте орнатылған датчиктер (терминал) көмегімен жүзеге асырылады. Қызметтік көлікті бақылау және оның қозғалысына мониторингі жүргізу интернет арқылы қашықтықтан жүзеге асырылады. Жүйеге қызмет көрсету шарттық міндеттемелер негізінде мамандандырылған ұйыммен жүзеге асырылады.

4. Жеке бас қорғанысының құралдары

Жұмыстарды және теңіз операцияларын орындау кезінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың теріс әсерінен қорғау үшін кемелердің жүзу құрамы мен өндірістік қызметкерлерарнайы киіммен, аранайы аяқ киіммен және басқадай жеке бас қорғанысының құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2014 жылы мыналар сатып алынды:

- Қысқы костюм – 50 жинақталым;
- Жазғы костюм – 70 жинақталым;
- Жазғы комбинезон – 70 дана;
- Қысқы етік – 50 пар;
- Жазғы бәтеңке – 70 пар.

5. Оқу-жаттығулар

ҚТКФ ҚР ТЖ Министрлігінің басшылығымен өткізілетін республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларға («Қыс-2014» Қысқы кезең жағдайында төтенше жағдайларды жою кезіндегі іс-қимылдарды азаматық қорғау мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштерін даярлау) белсенділікпен қатысты.

Оқу-жаттығулар барысында:

1. АҚ және ТЖ күштері мен құралдарын оралымды басқару алгоритмі пысықталды;
2. ҚТКФ кемелерімен және өндірістік объектілерімен тұрақты байланыс қамтамасыз етілді;
3. Маңғыстау облысының ТЖ жөніндегі департаментіне хабарламалар байланыс бойынша берілген өкімге және жедел хабарламалар табеліне сәйкес берілді.

Оқу-жаттығулардың қорытындылары бойынша Маңғыстау облысының ТЖ жөніндегі департаментіне есептемелер берілді.

Бекітілген ҚТКФ кемелеріндегі кестеге сәйкес өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ықтимал авариялар, ТЖ ден қою бойынша оқу-жаттығулар және машықтану өткізіледі: Өртке қарсы күрес, Кемеден кету, қайырға тұрып қалу, Борт сыртында адам; Мұнайдың төгілуіне қарсы күрес және т.б.

6. Денсаулықты қорғау және алкогольдік ішімдіктерді қолдануға қарсы саясат

Сатып алулар рәсімі жүргізілді, «ИНТЕРТИЧ» денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жөніндегі қазақ корпорациясы» АҚ 06.06.2014жылғы №У-10-198/2014 шарты жасасты. Шарттың әрекет ету мерзімі 05.06.2015 жылға дейін деп белгіленді. Жыл сайынғы медициналық тексеріс осы қызмет көрсету түрінің медициналық сақтандыру бағдарламасымен көздестірілгенін есепке ала отырып, «Интертич» ДСМСҚК» АҚ өткізілді. Осы орайда медициналық тексерістен өтуге тиіс мамандықтар контингенті мен қызметкерлер тізімі түзіп жасалды және санитарлық-эпидемиологиялық саладағы уәкілеті органмен келісілді. Медициналық тексеру жүргізу барысында бүкіл қызметкерлер еңбекке жарамды деп танылды. Тұмау ауруынан ҚТКФ 12 қызметкері егілді.

ҚТКФ сүйреткіштері үшін портативтік алкотестерлер (3 дана), наркотестерлер, көз жууға арналған станциялар және медициналық препараттар сатып алынды.

2014 жылы жүргізушілерді медициналық куәландыру және сүйреткіш экипажын рейс алды медициналық куәландыру бойынша «Медикер – промышленная медицина» ЖШС өзара шарт жасасты.

Бүкіл жазбалар белгіленген үлгідегі журналда тіркелді. Сондай-ақ басшылықтың нұсқауы бойынша жоспардан тыс алкотест жүргізілді.

7. Өрт қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардан сақтандыру

ҚТКФ кемелері жергілікті өрт сөндіру жүйесімен (су, көбік, көмір қышқылы және жергілікті қолданудағы құралда), сондай-ақ өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен жарақталды. Пайдаланудағы өртсөндіргіштер техникалық куәландырудан және мамандандырылған ұйымдарда қайта зарядтаудан өтіп отырады.

Жағалаудағы өндірістік объектілерде орналасқан әкімшілік, тұрғын жай және тұрмыстық орын-жайлар автоматтандырылған өрт дабылқаққыштармен қамтамасыз етіліп, оларға қызмет көрсету мамандандырылған ұйымдардың техникалық персоналымен жүзеге асырылады. Кемелерде және жағалаудағы өндірістік объектілерде орналасқан бастапқы өрт сөндіру құралдары ай сайын осы үшін жауапты қызметкермен тексеріледі.

7. Оқыту, нұсқама беру

Сипатына және өткізу уақытына қарай мынадай нұсқамалар берілді: кіріспе, бастапқы жұмыс орнында, екінші қайтара, жоспардан тыс, мақсатты. Нұсқама беру бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Кіріспе нұсқама беру үшін слайд түрінде таныстыру рәсімі әзірленді.

ҚТКФ құрылымдық бөімшелері мен кемелері еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында ҚТКФ қызметіне қатысты қолданылатын заңнамалық және басқадай талаптармен қамтамасыз етілді (ПАРАГРАФ) ақпараттық жүйесі арқылы).

2014 жылғы 24 ақпаннан 27 ақпанға дейін 18 қызметкер «Теңіз кеме қатынасы туралы 2006 жылғы Конвенция» (Софт Марин) ЖШҚ жасасқан шартқа сәйкес) және тиісінше сертификаттарды алды.

«BeSafe» ЖШС жасасқан шартқа сәйкес басшы қызметкерлер және еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалар үшін оқу жүргізілді. Оқытылған адам саны – 2 адам. Оқу нәтижелері бойынша қызметкерлерге белгіленген үлгіде сертификаттар табысталды.

14.4. Қоршаған ортаны қорғау

1. Ауа бассейні мониторингі

Ауа бассейні жай-күйін өндірістік бақылау мынадай екі негізгі бағыттан құралған:

- жергілікті және жылжымалы ластанған атмосфера көздерін түгендеу, атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектердің рауалы шегінің нормативтерін белгілеуді құрап отырған экологиялық нормалау;
- белгіленген нормативтердің сақталуын бақылау

2. Экологиялық нормалау

Атмосфераның ластану көздері, атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектердің мөлшері мен құрамы туралы деректерді жүйелі талдау мақсатында және алынған деректерді 2013 жылғы қорытындылар бойынша алдыңғы жобаның деректерімен өзара салыстырмалы талдау үшін мердігерлік ұйымдардың күшімен жергілікті және жылжымалы ластану көздеріне түгендеу жүргізілді, 2014-2018 жылдарға арналған атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектердің рауалы шегі нормативтерінің жобасы әзірленді.

3. Эмиссия мониторингі

Атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектердің рауалы шегі нормативтерінің жобасына сәйкес және өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде экология саласында және сальдо-айналым тізімінің бастапқы есеп деректері негізінде жергілікті және жылжымалы ластану көздерінен атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектердің негізгі шығарындыларының есептеулері тоқсан сайын орындалып отырады.

4. Су ресурстарының мониторингі

Су ресурстарының өндірістік мониторингі бірыңғай байқап қарау және бақылау жүйесі ретінде су ресурстарының өзгерістерін дер кезінде анықтау және осы өзгерістерді бағалау, су ресурстарын тиімді пайдалануға жән оның қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін бәсеңдетуге бағытталған іс-шараларды болжамдау болып табылады.

Өндірістік экологиялық бақылаудың бекітілген бағдарламасына сәйкес су ресурстарының мониторингін мыналар құрайды:

- ауыз суының сапасын бақылау;
- су тұтынуды және су бөлуді бақылау;
- шартты-таза суларды талдамалық бақылау.

5. Ауыз суының сапасын бақылау

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС өндірістік объектілері мен кемелеріне жасасқан шарттарға сәйкес ауыз суы құйылмалы түрінде жеткізіледі. Бүкіләлемдік денсаулықты сақтау Ассамблеясы 58-сессиясының

23.05.2005 жылғы Қарарымен қабылданған Халықаралық медициналық-санитарлық қағидаға (15.06.2007 жылы қолданысқа енгізілді) сәйкес санитарлық бақылаудан босату туралы Халықаралық куәлікті алу шеңберінде алты айда 1 мәрте су үлгісін алу және кемелердің камбузынан және шомылғы орындарынан алынған ауыз суына физикалық-химиялық және микробиологиялық зерттеу жүргізіледі.

Зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша бақылауға жататын ингредиенттердің концентрациясы белгіленген нормативтердің рауалы шегінен аспайтындығы анықталды.

6. Су тұтыруды және су бөлуді бақылау

Мұнай құю танкерлерінде және магистральдық сүйреткіштерде орналасқан қабылдап алу танк-цистерналары мен жағалаулық тазалау құрылыстарында жиналған судың есебін Ағынды сулармен жүргізілетін операциялар журналына және Мұнай операциялары журналына тиісінше жазба жасау арқылы капитанның аға көмекшілері және аға механиктер (кезекшілік жүргізуіне қарай) «жүргізеді.

Есеп беру кезеңі ішінде ағынды және құрамында мұнай қалдықтары бар суларды кемелерден теңізге ағызу жүзеге асырылмады, ағынды сулар танк-цистерналарда жиналуына қарай жағалаудағы қабылдап алу-тазалау құрылыстарына тапсырылды. Сұйық қалдықтардың тазалауға/қайта өңдеуге тапсырылған нақты көлемі есепті көрсеткіштерден мына себептермен төмен болды:

- жабдықтарға және бөлшектерге техникалық қызмет көрсету кестелерінің орындалуы және кемелерді дер кезінде докқа қою құрамында мұнай бар су көлемін азайту мүмкіндігін берді;
- магистральдық сүйреткіштерді тұраққа қоюға және мұнай құю танкерін докқа қою арқылы жөндеуге байланысты ағынды және құрамында мұнай қалдықтары бар сулардың жиналу көлемі төмен болды және жағалаулық қабылдап алу құрылыстарына тапсырылған көлемі азайды.

7. Шартты-таза суларды талдамалық бақылау

Каспий теңізінің акваториясына төгілетін шартты-таза сулардың сапасын бақылау «Жалпы кемелік жүйелерден және энергетикалық кеме қондырғыларының жүйелерінен төгілетін теңіз суын талдамалық бақылау кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасымен белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз зертханалармен жүзеге асырылады. Есеп беру кезеңі ішінде жасасқан шарттарға сәйкес «Тандем-Эко» ЖШС магистральдық сүйреткіштерден, мұнай құю танкерлеріне және «Нұртау» яхтасынан Каспий теңізінің акваториясына төгілген шартты-таза суларды талдамалық бақылаудың 12 кезеңін жүргізді. Шартты-таза суларды талдамалық бақылау нәтижелері мынадай болды:

№ р/н	Кеме түрі	Ингредиенттердің атауы	Өлшем бірлігі	КРШ _{балық·су·}	Орташа нақты концентрациясы
1	2	3	4	5	6
1.	Магистральдық сүйреткіштер	-мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,050	н/о
		-фендар	мг/дм ³	0,001	н/о
		-ОБТ	мг/дм ³	3,000	1,941
		-ОХТ	мг/дм ³	30,000	16,479
		-темір жалпы	мг/дм ³	0,050	0,013
		-мырыш	мг/дм ³	0,005	0,002
		-кадмий	мг/дм ³	0,010	0,0038
		-қорғасын	мг/дм ³	0,010	0,0064
		-цинк	мг/дм ³	0,050	0,020
2.	Мұнай құю танкерлері	-мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,050	н/о
		-фенолдар	мг/дм ³	0,001	н/о
		-БПК	мг/дм ³	3,000	1,589
		-ХПК	мг/дм ³	30,000	18,794
		-аммоний	мг/дм ³	0,500	0,039
		-нитриттер	мг/дм ³	0,080	0,021
		-нитраттар	мг/дм ³	40	0,046
		-сульфаттар	мг/дм ³	3400-3600	3578
		-хлорид	мг/дм ³	4800-5000	4921
		-темір жалпы	мг/дм ³	0,050	0,003
		-мырыш	мг/дм ³	0,005	0,002
		-кадмий	мг/дм ³	0,010	0,002
		-қорғасын	мг/дм ³	0,010	0,003
		-цинк	мг/дм ³	0,050	0,017
3.	«Нұртау» серуендеу яхтасы	-мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,050	н/о
		-фенолдар	мг/дм ³	0,001	н/о
		-БПК	мг/дм ³	3,000	1,453
		-ХПК	мг/дм ³	30,000	16,286

- есеп беру кезеңі ішінде беткі сулардың үлгісін алудың және Каспий теңізінің акваториясына шартты-таза суларды ағызудың нақты көлемі белгіленген лимиттер шегінде болды;

- бақылауға жататын ингредиенттердің КРШ деңгейінен жоғары болуы су үлгісін алудың бірден бір жерінде тіркелмеді;

- ағызылған шартты-таза сулардың температуралық режимі ауқымы кішігірім диапазонда құбылып отырады және әрекет үстіндегі санитарлық нормалардан аспайды.

8. Өндіріс және тұтыну саласы қалдықтарының теріс әсеріне мониторинг жүргізу

Кәспорындағы қалдықтарды басқару жүйесі қалдықтардың пайда болуын қадағалаудың ұйымдық іс-шараларын, қалдықтарды жинауды, сақтауға алуды, қайта өңдеуді және залалсыздандыруды бақылауды қамтиды. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға теріс әсерін неғұрлым азайту үшін және кәсіпорын бойынша бүкіл қалдық түрлерінің пайда болу, оларды жою және залалсыздандыру процестерін нақтылы жүйелендіру үшін қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасына және Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық конвенцияларға сәйкес мыналар әзірленді:

- Қоқыстарды жоюдың орыс және ағылшын тіліндегі Кеме жоспарлары, оларды кемедегі жабдықтарды қолдануды қоса алғанда жазбаша ресімделген қоқысты мейлінше азайту, жинау, өңдеу және жою рәсімдері («1973 жылғы Кемелерден ластануды болдырмау туралы Халықаралық конвенцияның 1978 жылғы Хаттамасының Қосымшасына Түзетулер» МЕРС.201 (62) 10 Қарарының 10 Ережесіне сәйкес) қамтиды;

- «Қоқыс операцияларының журналы» («1973 жылғы Кемелерден ластануды болдырмау туралы Халықаралық конвенцияның 1978 жылғы Хаттамасының Қосымшасына Түзетулер» МЕРС.201 (62) 10 Қарарының 10 Ережесіне сәйкес);

- әрбір кемеде орнатылған экипажды МАРПОЛ 73/78 3,4,5,6 Ережелеріне және Y Қосымшасына сәйкес қоқысты шығару жөніндегі қолданыстағы талаптары туралы хабарлама плакаттар («1973 жылғы Кемелерден ластануды болдырмау туралы Халықаралық конвенцияның 1978 жылғы Хаттамасының Қосымшасына Түзетулер» МЕРС.201 (62) 10 Қарарының 10 Ережесіне сәйкес);

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес Қалдықтарды орналастырудың 2014-2018 жылдарға арналған нормативтер жобасы, Қалдықтарды басқарудың 2014-2018 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес Табиғатты қорғаудың 2014-2018 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары әзірленді, мұнда қызметті жүзеге асырудан пайда болатын қалдықтардың қоршаған ортаға және халық денсаулығына теріс әсерін азайтуға бағытталған іс-шараларды қаржыландыру көздестірілді.

Қауіпті қалдықтар түрлерінің пайда болу қарқындылығы:

№ р/н	Қалдық атауы	2011ж., тн (нақты)	2012 ж., тн (нақты)	2013 ж., тн (нақты)	2014 ж., тн (нақты)
1	Азық-түлік қалдықтары	21,933	20,558	19,887	9,592
2	Қатты тұрмыстық қалдықтар	71,251	39,758	25,784	17,738
3	Пайдаланудан шыққан автошиналар (кранецтер)	0,785	-	0,025	-
4	Макулатура, пайдаланылған ыдыс	-	-	-	-
5	Пайдаланылған майлар	6,564	6,194	1,488	21,111
6	Майлық шүберек	1,456	1,432	1,823	1,828
7	Күл	0,030	-	-	-
9	Құрамында күкірт бар шамдар	677шт	380шт	1542шт	403шт
10	Пайдаланылған пластик ыдыс	9,195	9,951	7,770	7,302
11	Дәнекерлеу электродтарының тұқылдары	0,00007	-	-	-
12	Лак-бояу материалдарының қалдықтары	0,074	-	-	0,240
13	Пайдаланудан шыққан аккумулятор	0,018	-	1,138	0,105
14	Құрылыс қалдықтары	3,760	-	0,875	0,030
15	Пафйдаланудан шыққан байлау арқандары	-	-	-	-
16	Пайдаланудан шыққан сүзгіштер (отындық, ауа, тұщыту қондырғылары)	0,056	0,037	0,116	0,149
17	Кеме бұрандаларын тазалау қалдықтары	0,001	-	-	-

18	Ақаулы электрондық жабдық	1,473	-	0,957	0,381
19	Химиялық реагенттерге, ЖЖМ материалдарына қолданылған ыдыс	-	-	1,314	-
20	Резеңке-техникалық бұйымдардың қалдықтары	-	-	0,011	-
21	Шлам	16,800	14,844	23,790	55,038
22	Медициналық қалдықтар	-	-	1068шт	671шт
23	Аспаздық май	-	-	-	0,503
24	Мазутты топырақ	-	-	-	-
25	Металлолом, металл жоңқасы	-	-	-	-
26	Жеке бас қорғанысының қалдықтары	-	-	-	-
27	Авариялық-құтқару және өртке қарсы мүлік	-	-	-	-
	БАРЛЫҒЫ, соның ішінде:	133,396	92,774	85,035	114,017
	-«янтарь түсті» тізім қалдықтары	24,998	22,507	29,726	78,471
	- «жасыл» тізім қалдықтары	108,398	70,267	55,309	35,546

- өндіріс және тұтыну қалдықтарының пайда болуына лимиттер белгіленбеді, мамандандырылған мердігерлік ұйымдармен жасасқан шарттарға сәйкес қалдықтар пайда болуына және жиналуына қарай кейіннен қайта өңдеуге (көму) тапсырылды;
- қолда бар деректерді талдау «жасыл» тізімдегі қауіпті қалдықтар түрлерінің пайда болуының төмендеу қарқындылығын көрсетті;
- «янтарь түсті» тізімдегі қауіпті қалдықтар түрлерінің пайда болу көлемінің өсуі кемелердің негізгі бөлшектерін пайдалану мерзімінің ұлғаюымен, «Орал», «Ақтөбе», «Атырау» танкерлерін моторлы отын түріне өткізу, танк-цистерналарды тазалауға байланысты «Атырау» танкерін докқа жөндеуге қою себептен болды.

9. Міндетті экологиялық сақтандыру

13.12.2005 жылғы «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының №39-III Заңына сәйкес ҚТКФ міндетті экологиялық сақтандыру шартын жыл сайын жасасып отырады, оның объектісі ретінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленіп отырған үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) авариялық ластану нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның мүлкітік мүддесі болып табылады.

- 2011 жылдан 2014 жылға дейінгі кезең ішінде міндетті экологиялық сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру жағдайлары тіркелмеді.

10. Парниктік газдар

Парниктік газдар шығарындыларын түгендеудің негізгі мақсаттары ретінде мыналар болып табылады:

- Парниктік газдардың атмосфералық ауаға теріс әсерін тигізу деңгейін бағалау үшін түпкілікті деректерді алу;

- парниктік газдар шығарындыларының және озон қабатын бұзатын заттардың мөлшерлік және сапалық сипаттамаларын айқындау;
- атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау;
- парниктік газдар мен озон қабатын бұзатын заттардың мемлекеттік кадастрын түзіп жасау үшін ақпаратты беру.

Климаттың өзгеруі жөнінде БҰҰ Негізгі конвенциясы мен Кито хаттамасымен регламенттелетін парниктік газдар шығарындыларының тізіміне мыналар кіріп отыр:

Тікелей әсерлі газдар:

- қос тотықты көміртек (CO₂);
- метан (CH₄);
- азоттың шала тотығы (N₂O)

Парниктік газдар шығарындыларының өзгеру қарқындылығы:

№ р/н	Парниктік газдардың атауы	2011 жылғы шығарындылардың нақты саны, тн	2012 жылғы шығарындылардың нақты саны, тн	2013 жылғы шығарындылардың нақты саны, тн	2014 жылғы шығарындылардың нақты саны, тн
1	2	3	4	5	6
1.	Қос тотықты көміртек	41169,9887	32969,6023	34446,9002	32215,8959
2.	Азоттың шала тотығы	0,8263	0,6202	0,6330	0,5912
3.	Метан	2,7250	2,0026	2,0288	1,8966
	Барлығы, соның ішінде:	41173,5400	32972,2251	34449,5620	32218,3834
	-ішкі тасымалдаудан болған шығарындылар:	9349,6164	3500,3816	1778,1249	1512,5374
	а) қос тотықты көміртек;	9348,5577	3500,0107	1777,9692	1512,4049
	б) азоттың шала тотығы;	0,2284	0,0774	0,0418	0,0356
	в) метан	0,8303	0,2935	0,1139	0,0969
	-халықаралық тасымалдаудан болған шығарындылар:	31823,9236	29471,8435	32671,4371	30705,846
	а) қос тотықты көміртек;	31821,4310	29469,5916	32668,9310	30703,491
	б) азоттың шала тотығы;	0,5979	0,5428	0,5912	0,5556
	в) метан	1,8947	1,7091	1,9149	1,7997

11. Озон қабатын бұзатын заттар

Түгендеу жүргізу барысында тоңазытқыш жабдығы мен ауаны баптау жүйесі анықталды, оларға салқындату сұйықтығы ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 08.02.2008 жылғы №124 Қаулысына сәйкес бекітілген Атмосфераға парниктік газдар шығарындыларының және озон қабатын бұзатын заттардың тұтыну көздерін мемлекеттік есепке алу ережесінің І-Қосымшасының А және С тізіміне кіріп отырған озон қабатын бұзатын заттар (хладон) қолданылды.

Озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну қарқындылығы

№ р/н	ОБЗ атауы	2011 жылғы нақты тұтыну, килә	2012 жылғы нақты тұтыну, килә	2013 жылғы нақты тұтыну, килә	2014 жылғы нақты тұтыну, килә
1	2	3	4	5	
1.	Дифторхлорметан (ГХФУ-22)	80,910	120,610	120,610	1,480
2.	Дихлордифторметан (ХФУ-12)	-	0,140	0,140	-
	Жиынтығы:	80,910	120,750	120,750	

- Дифтордихлорметан (ХФУ-12) А** Тізіміндегі I топқа кіреді, Код ТПВЭД ТС - 2903772000;

- Дифторхлорметан (ГХФУ-22) С **Тізіміндегі I топқа кіреді, Код 2903710000;

- Менеджменттің біріктірілген жүйесі жөніндегі 2014 жылғы Жоспардың «Озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуды реттеу» Бөлімінің 2.4.2. тармағына сәйкес ХФУ-12, ГХФУ-22 салқындату сұйықтықтары ретінде пайдаланылып отырған тоңазытқыш жабдығы пайдаланудан шығарылды:

а) «ҚТКФ-1» т/с – 1225-М Саратов тоңазытқышы (ХФУ-12), 1 дана;

б) «Ертіс» т/с – Fuji Nippon тоңазытқышы (ГХФУ-22), 1 дана

в) «ТС Орал» т/с - Fuji Nippon тоңазытқышы (ГХФУ-22), 1 дана.

2014 жылы «ТС Орал» теңіз сүйреткішінің Kawasaki AOY36VMNM4 ГХФУ-22 сплит жүйесіне – 1100 гр көлемінде және Arvin AR-SC9YC ГХФУ-22 – 380 гр демдеу арқылы жөндеу жүргізілді.

15. КАДРЛЫҚ САЯСАТ, ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

15.1. Кадрлық саясат

ҚТКФ теңіз саласында Қазақстан Республикасындағы бірден бір ірі жұмыс берушілерінің бірі болып табылады. Оның қызметкерлер саны шамамен 270 адамды құрайды.

Қызметкерлердің неғұрлым үлес салмағын шамамен 25-тен 45-ке дейінгі жас шамасындағы жасамыс топ, ол персоналдың 80%-ын құрайды. Осы оңтайлы арақатынас жағдайында жас қызметкерлер мен тәжірибесі мол қызметкерлердің өзара бірқалыпты теңгерімі байқалады. ҚТКФ қызметкерлерінің орташа жасы - 35. Жоғары білім алған қызметкерлер саны

– 145 адамнан жоғары, екінші қайтара білім алған адам саны – 17, магистратураны бітіргендер – 6, ғылыми дәрежесіне ие 1 адам санын құрады. Теңіз саласында 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар қызметкерлер ҚТКФ персоналының 60 %-ын құрап отыр. ҚТКФ еңбек етіп отырған қызметкерлердің орташа жұмыс өтілі 5,6 жыл құрайды.

2013 жылы персоналдың тұрақсыздығы 13,6 % болды.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ Директорлар кеңесінің 30.12.2011 жылғы шешімімен (№13-11/ДК хаттамасы) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ 2011-2015 жылдарға арналған Кадрлық саясаты бекітілді. ҚТКФ Кадрлық саясаты үздік корпоративтік практика шеңберінде қызметкерлер құрамымен қолға алынған жұмыстың бірыңғай әдістерін қамтамасыз етуді көздестіріп отырған корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы ҚТКФ дамуының стратегиясын іске асырудың тиімді кадрлық сүйемелдеуіне бағдарланып отыр. ҚТКФ Кадрлық саясатының негізгі мақсаты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобы бойынша адам ресурстарын басқарудың бірыңғай жүйесіне бірігу арқылы барынша жоғары табыс көруге және экономикалық ынталандыру мен әлеуметтік кепілдіктерге негізделген, жұмыс беруші сияқты қызметкер мүдделігінің үйлесімді сабақтасуына және олардың өзара қатынастарының ҚТКФ игілігі үшін дамуына ықпалдасатын бәсекелес ортада озаттықты қамтамасыз етуге бағытталып отырған қызметкерлер құрамының тиімділігін арттыру болып табылады.

ҚТКФ кадрлық саясаты қызметкерлер құрамымен жұмыс жүргізу саласында ең үздік іс-тәжірибені есепке ала отырып, кадрлық менеджменттің бұдан бұрын қалыптасқан әдістерін, ұзақ жылдар бойы жинақталған тәсілдерін және құралдарын өзара біріктіруге шақырады, осылайша персоналды басқару саласында ҚТКФ құндылықтарының корпоративтік жүйесінің бірыңғай әдістерін қалыптастырып, оларды пысықтау мүмкіндігін береді.

Кадрлық саясаттың өзекті проблемалары:

- Қазақстан Республикасының еңбек нарығында кемелердегі командалық аға құрамының лауазымдарын алмастыру үшін қажетті теңіз мамандарының болмауы;
- Қазақстан Республикасында сертификатталған теңіз оқу базасының болмауы.

Кадрлық саясаттың негізгі бағыттары:

- жұмыспен қамту және жалдау саласындағы саясат;
- қызметкерлер құрамын дамыту саласындағы саясат;
- еңбек жағдайларының сапасын арттыру;
- қазақстандық қызметкерлер үшін еңбектің және еңбекке ақы төлеудің тепе-тең жағдайларын қамтамасыз ету саясаты;

- корпоративтік мәдениет және мақсаттар мен құндылықтар трансляциясы саласындағы саясат.

ҚТКФ Кадрлық саясатын іске асыру аталмыш проблемаларды жоюды және ҚТКФ адам ресурстарын жаңа сапалы деңгейге шығаруды көздестіреді.

15.2. Кадрлардың даярлығын жүргізу

Өз алдында белгіленіп отырған мақсаттарды іске асыру ҚТКФ қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамын бизнес қажеттіліктеріне, қолданыстағы заңнама талаптарына және еңбек нарығының жай-күйіне сәйкес келтіруді қамтамасыз етуге тиіс. Осы мәселенің өзектілігін Қазақстанда теңіз мамандығы бойынша білікті кадрлардың тапшылығы құрап отыр.

ҚТКФ Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан білікті кадрлық құрамды қалыптастыру үшін теңіз мамандарын даярлау мақсатында, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 27.11.2007 жылғы №152 хаттамалық шешімімен бекітілген «Танкерлік флот және теңіз операцияларын қолдау флоты үшін қазақстандық кадрларды дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасына» (Бағдарлама) сәйкес теңіз мамандарын даярлауды жүзеге асыруда.

Қазіргі таңда осы Бағдарлама шеңберінде Санкт-Петербург қаласының «Адмирал С.О.Макаров атындағы ТМА» ЖКБ ФМЖМ төмендегі мамандықтар бойынша 24 курсант білім алууда:

- кеме жүргізу;
- электрмеханика;
- кемелік және энергетикалық қондырғыларды пайдалану.

Оқу бағдарламасына сәйкес 2014 жылы ҚТКФ кемелерінде 10 курсант жүзу практикасынан өтті, 4 курсант ашық теңізге ірі салмақты танкерлерге жүзу практикасынан өтуге жолдама алды. Жоғары оқу орындарында және арнайы орта оқу орындарында білім алған 5 курсант ҚТКФ кемелеріне жұмысқа алынды. 25 түлек капитанның үшінші көмекшісі, үшінші механик пен электрмеханик қызметтерінде еңбек етуде. 5 түлек ашық теңізге жұмысқа жіберілді.

ҚТКФ персоналын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру «ҚТКФ қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру туралы Қағидалық ережеге» сәйкес жүргізілуде. ҚТКФ Бас директоры бекіткен персоналды оқытудың 2014 жылғы жоспарына сәйкес 175 қызметкерді оқыту жоспарланды, нақты оқытылған қызметкерлер саны 66 адамды құрады.

Қызметкерлер құрамын аттестаттау және баға беру

«ҚТКФ қызметкерлеріне аттестаттау жүргізу ережесіне» (ҚТКФ.012 КСТ) сәйкес 2014 жылы ҚТКФ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қатарынан 8 қызмктерге аттестаттау жүргізілді.

Сондай-ақ ҚТКФ ішкі құжаттарына сәйкес персонал қызметінің нәтижелілігін бағалау тоқсан сайын жүргізіліп отырды.

15.3. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру барысында Маңғыстау облысы халқының әлеуметтік қорғалмаған тобының жағдайына көңіл бөліп, қолдау көрсетуде. Осы орайда ҚТКФ 2004 жылы Азаматтарды әлеуметтік қорғау бағдарламасын әзірлеп, оның негізгі басым мәні ардагерлерге, жағдайы төмен отбасыларға және ата-анасынан айырылған жетім балаларға қамқорлық жасау болды.

- ҚТКФ 2002 жылдан бастап Алматы қаласында тұратын жауынгер-теңізшілерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне шефтік көмек көрсетіп келеді;
- ҚТКФ 2005 жылдан бастап Ақтау қаласында тұратын тыл майданының ардагерлері мен қатысушыларына шефтік көмек көрсетіп келеді;
- 2014 жылы Ұлы Жеңісті тойлау қарсаңында ҰОС ардагерлері мен тыл майданының қатысушыларына 2 630 000 (екі миллион алты жүз отыз мың) теңге мөлшерінде материалдық көмек бөлінді. ҚТКФ қамқорлыққа алған әрбір ардагерге 9 мамыр Жеңіс Күніне 70 000 теңге мөлшерінде материалдық көмек және 20 000 теңгеге азық-түлік жинағы жыл сайын беріліп отырады. Бұдан басқа ардагерлерді және тыл майданының қатысушыларын соғыста қаза болған сарбаздарды еске алу үшін гүл шоғырын қою рәсіміне Жеңіс мемориалы мен Мәңгілік алауға жеткізу үшін автокөлік жалға алынады, ардагерлер үшін ресторанда музыкалық сүйемелдеумен және әртістерді шақырумен мерекелік дастарқан жайылады;
- Жеңістің мерейтойын тойлау күніне Алматы және Ақтау қалаларында қамқорлыққа алынған ардагерлерге Бас директордың атынан құттықтау қағаздары және сыйлықтар табыс етіледі;
- Компания басшылығы ардагер жауынгер-теңізшілермен байланысын үзбейді. ҚТКФ қызметіне тиісті деңгейде көңіл бөліп отырған ардагерлер компанияның жаңа жетістіктеріне, мемлекет тарапынан табыс етілген наградаларға шынайы қуанып, өз атынан құттықтау тілектерін жолдайды. Әсіресе олар кеме жасау процесіне, кеме жасауы жүзеге асырылғалы отырған кемеңің техникалық артықшылықтарына: қозғалтқыш қуаты, кеме жылдамдығы, танкер көлемі және т.б. қызығушылық танытады. Өйткені ардагерлердің тең жартысын бұрынғы теңіз офицерлері, ұшқыштар мен теңізшілер құрайды, ал олар өз мамандығына жан-тәнімен берілген азаматтар болып табылатындығы күмән келтірмейді.

